Сыр бойы

№23-24
(20297-20298)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

12 ақпан, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

3 Жезқазған жолында не жаңалық?

5 Уақыт бәрін әділ таразылайды

6 Тәрбие

8 Ту ұстап, тарлан мінген

ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан-Ресей: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Мәскеуде болды. Онда Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізіп, екіжақты қатынастардың перспективаларын және аймақтық деңгейдегі ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Мемлекеттер басшылары бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен брифинг өткізді. Сондай-ақ, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен кездесті.

Серіктестік және маман даярлаудағы мәміле

Қазақстан Президенті Мәскеуге сапармен келуге шақырғаны және дәстүрлі түрде қонақжайлық көрсеткені үшін Ресей көшбасшысына ризашылығын білдірді.

– Владимир Владимирович, ең алдымен, Мәскеуге сапармен келуге шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын. Шын мәнінде, бұл Жаңа жылдан кейінгі, өкінішке қарай, елімізде болған қаңтардағы қайғылы оқиғалардан кейінгі алғашқы сапарым. Бұл еліміздің конституциялық құрылысына нұқсан келтіріп, мемлекеттік төңкеріс жасау мақсатымен Қазақстанға шабуыл жасаған халықаралық лаңкестер мен бұзақылардың мұқият дайындаған операциясы болды. Қазір тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алғашқы нәтижелері де бар. Өкінішке қарай, құрбан болғандардың саны өте көп. Бұл менің де жанымa батады. Қаза болғандардың жақындары мен туыстарына көңіл айттым. Әрбір жағдай жіті тексеріледі. Кінәлілер анықталып, жауапқа тартылады. Елімізге бітімгерлік күштерін жіберу жөніндегі Қазақстанның үндеуіне жылы әрі іскерлікпен қарағаныңыз үшін Сізге тағы да ризашылығымды білдіремін. Бітімгерлік контингент стратегиялық нысандарды күзету тұрғысынан өте маңызды рөл атқарды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин қаңтардағы қайғылы оқиғаларға қатысты өзінің пікірін білдірді.

– Қазақстанды ел ішіндегі күрделі жағдайды пайдаланған қандай да бір халықаралық бүлікшілердің құрбаны болды десек, артық айтқандық емес. Ресей Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттің бірі ретінде Шарттың 4-бабына сәйкес Қазақстанға көмек қолын созды. Дегенмен, Қазақстан басшылығы негізгі рөл атқарды, сондай-ақ өздерінің ісіне, антына және халқына адал құқық қорғау органдары мен қарулы күштер өздеріне жүктелген міндетті орындады. Осы оқиғалар кезінде қираған нысандарды қалпына келтіру үшін көп күш жұмсау қажет екенін де білемін. Бірақ Қазақстан Сіздің табандылығыңыздың арқасында нық тұр және Сіздің басшылығыңызбен белсенді дамуда, – деді Ресей Президенті.

Президенттер екі ел арасындағы жан-жақты байланыстардың табысты дамуын жоғары бағалап, саяси, экономикалық, сауда, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды тереңдетуге екі тараптың да мүдделі екенін айтты.

– Алдағы келіссөз барысында Қазақстанның және екі елдің де стратегиялық мүдделерін қамтитын бірқатар өзекті мәселе бойынша пікір алмасуды жоспарлап отырмыз. Маңызды келісімге қол қойылды. Жалпы, саяси ерік-жігер бар, өзара стратегиялық, одақтастық қарым-қатынастар бойынша нақты нәтижеге қол жеткіземіз деп ойлаймын. Бұдан бұрын да Қазақстан мен Ресейдің Құдай қосқан көрші екенін айтқанбыз. Әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара да бізге тиесілі. Елдеріміз арасында достық пен ынтымақтастықтан басқа қарым-қатынас болуы мүмкін емес, – деді Қазақстан Президенті.

Ресей басшысы екі ел арасындағы экономикалық ықпалдастықты арттыруға ниетті екенін мәлімдеді.

– Ресей Қазақстанның ірі сауда-экономикалық серіктесі екеніне қуаныштымын. Халықаралық алаңдарда да тығыз ынтымақтастық орнатқанбыз, бұрынғы Кеңестік кеңістіктен тыс ірі халықаралық ұйымдарда да ықпалдастығымыз бар. Биыл дипломатиялық қатынастарды орнатқанымызға – 30 жыл. Бірқатар көлемді іс-шара өткізу көзделіп отыр. Олар біздің іскерлік, гуманитарлық байланыстарымызға пайдалы болатынына сенімдімін. Ғарыш, энергетика, машина жасау салаларындағы ірі жобалар бойынша бірлесіп атқаратын жұмыс көп, – деді Владимир Путин.

Қазақстан мен Ресей басшыларының кездесуі барысында білім беру саласындағы ынтымақтастыққа баса мән берілді. Инженерлік-техникалық саладағы жоғары білікті мамандардың тапшылығына байланысты Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу және «Болашақ» бағдарламасы аясында Ресейде мамандар әзірлеу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Келіссөз қорытындысы бойынша білім беру, теміржол, цифрландыру, ғарышты игеру және атом энергетикасы салалары бойынша мамандар даярлауға қатысты бірқатар құжатқа қол қойылды.

2-бет

«БАЛАЛАР ЖЫЛЫ»

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ұрпақ тәрбиесінен басталады

Ұлттық код – ұлттың қуаты. Жалпақ тілмен түсіндірер болсақ тілі, ділі, өнері мен салт-дәстүрі, мәдениеті. Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі, даралап тұрар болмысы болады. Сол арқылы оның қандай екенін ел таниды, қызығушылық білдіреді. Жаһандану дәуірінде баға жетпес осындай құндылықтарымызды қалай сақтап қала аламыз? Атадан балаға мирас болып келе жатқан сан ғасырлық тарихы бар мәдениетіміз бен әдет-ғұрпымыздың ғұмыры ұзақ болуы үшін не істеу керек? Тақырыпқа бойлап, саралап көрейікші.

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Жер бетінде қаншама ұлт болса, әрқайсысының ұлттық коды өзінше бір тарих. Соның ішінде тазалығы мен ешкімге ұқсамайтын даралығы басым өз ұлтымыздың құндылығы дер едім. Себебі болмыс-бітімі бөлек, тілі шұрайлы, мәдениеті мәйекті ұлтпыз. Жеті атаға, дейін қыз алыспайтын дәстүрі бар, тектілікті сақтаған халықпыз. Тектану ғылымына дамыған елдер енді ғана ден қойып зерттеп жатса, оны біздің қазақ баяғыда-ақ жік-жікке бөліп, терең зерделеп, пайымдап қойған. Ана сүтімен бойға дарыған рух-жігеріміз, қайсар мінезділігіміз тағы бар. Дұшпанға жаншылмаған, намысты бастан асырмаған ел екенімізді Қаз дауысты Қазыбек би де айтып кеткен. Алайда, бүгінгі қоғамда орын алып жатқан адам айтқысыз қылмыстар, өз баласын далаға тастаған көкек аналардың көбеюі, бір жыныстылардың ашықтан-ашық қоғамда тайраңдауы секілді бұрын-соңды болмаған дүниелердің орын алып жатқанына сенгің келмейді. Бірақ, бұл – шындық, ұлт қасіреті деуге болады.

8-бет

КЕЛЕСІ САНДА

ӨҢІР ӨНІМІ

САПАЛЫ ӨНІМ ӘРКЕЗ СҰРАНЫСТА

Кәсіп ашып көкжиегіңді кеңейту мүмкін еместей көрінетін. Ынта жоқ дерсіз, одан бөлек өзіне сенімсіздік тағы бар. Алдымен қаржы жағы қалай болар екен деп дүдәмал күйге түсетініміздің де жоққа шығара алмаймыз. Рас, кәсіпкерлікпен тек ауқаттылар ғана айналысатындай көрінетін көзге.

Sb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Бүгінде қала мен даладағы жұрттың айтар мәселесі – жұмыссыздық. Мемлекет те дәл осы дертпен күресуде кәсіпкерлердің ықпалы зор екенін айтып отыр. Әрі осы салаға бейімделу үшін түрлі бағдарламалар легін ұсынды. Әсіресе, ауылдағы ағайынға жақсы мүмкіндіктер қарастырып қойды.

Шағын және орта бизнеске деген қамқорлықты сезінгеннің бірі – Сырдария ауданына қарасты Қалжан ахун ауылының тұрғыны Гүлмира Махамбетова. Үкімет ұсынған бағдарлама мүмкіндігін қалт жібермепті. Дұрысы, ол «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қайтарымсыз грант ұтып, ауылда наубайхана ашқан. Қазір үш елді мекенді ыстық нанмен қамтып келеді.

– Кәсіп бастауға негізгі себеп болған жайт, ауылдағы дүкендерде көбіне нан болмай қиналатынбыз, – дейді кәсіпкер келіншек. – Болашақта іске асырамын деген үш кәсіптің көзін арнайы дәптерге түсіріп қойған едім. Бірі – наубайхана өндірісі. Бизнес жоспар құрып, кәсіпкерлік курсынан өттім. 2020 жылы жобам қолдау тауып, қайтарымсыз 2,2 млн теңге қаржы ұтып алғанымда қатты қуандым. Әрине, алғашында қиын болды. Ғаламтордан көріп, білгенімізбен нан пісіру оңай шаруа емес. Оның өз технологиясы бар. Әлеуметтік желіден арнайы курсқа қатысып, наннан бөлек тәтті бәліш, бөлішке, тандыр нан секілді өнім түрлерін халыққа ұсынып келеміз.

Гүлмираның наубайханасы күніне 500 бөлке ыстық нанды өндіре алады. Сонымен қатар тандырдың 100, бөлішкенің 100 және самсаның 200 данасын тапсырыспен орындайды. Кәсіпкер ауылдан екі адамды жұмыспен қамтыған.

– Бұл берекесі мол кәсіп. Қазақ «Ас атасы – нан» деп бекер айтпаса керек. Сондықтан өз ісімді наннан бастауды жөн көрдім. Екіншіден, қай өнімнің де сапасы дұрыс болса ғана сұраныс тоқтамайды. Мен мұны анық түсіндім, – дейді ол.

Сапасына сақтықпен қарайтын кәсіпкердің ендігі мақсаты – көрші ауылдар мен кент орталығындағы бірнеше дүкенді нан өнімдерімен қамтамасыз ету. Қазір де тұтынушылар тарапынан сұраныс жоғары. Сондай-ақ Гүлмира кәсібін кеңейту үшін мемлекеттен жеңілдетілген несие алу арқылы кондитерлік өнімдер де дайындамақшы.

Сырдария ауданы

Қазақстан-Ресей: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

Береке – бітімде

Екіжақты келіссөздің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

– Келіссөз өте мазмұнды және тиімді болды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бүгінгі келіссөзге көңілім толатынын айтқым келеді. Биыл мемлекеттеріміз үшін атаулы жыл болмақ. Елдеріміз арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы уақыт ішінде достыққа, ортақ тарихқа және халықтарымыздың ментальдық тұрғыдан жақындығына сүйене отырып, мемлекетаралық ынтымақтастықтың үлгісін қалыптастырдық. Тиімді саяси диалогтың арқасында барлық бағыт бойынша зор жетістіктерге қол жеткіздік. Біздің құрлықтағы шекарамыз – әлемдегі ең ұзын шекара. Бұл бүкіл халықаралық қоғамдастыққа нағыз тату көршіліктің, сенімді одақтастық пен стратегиялық серіктестіктің жарқын үлгісін көрсетіп отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өте мазмұнды және жемісті келіссөз жүргізілгенін мәлімдеді. Екі ел басшылары қазіргі қазақ-орыс мәселелерін ашық әрі өзара сенім негізінде талқылады.

– Елдеріміз арасындағы жан-жақты байланыстардың жоғары деңгейдегі табысты дамуына көңіліміз толатынын атап өттік. Өзара тиімді ынтымақтастықтың зор әлеуетін ескере отырып, саяси, экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды тереңдетуге ниетті екенімізді нақтыладық. Біз өзара сауда-саттықтың оң қарқынын сақтауға уағдаластық. Пандемия шараларына қарамастан, жоғары нәтижеге қол жеткізілді. Былтыр тауар айналымы 21 миллиард доллардан асты, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы атап өткендей, Ресей компаниялары Қазақстан экономикасындағы жетекші инвесторлардың бестігіне кіреді және олардың салған қаржыларының жалпы көлемі 17 миллиард доллардан асады. Елімізде шетелдік капиталдың үлесі бар әрбір үшінші кәсіпорын Ресей компанияларының қатысуымен құрылған. Олардың ортақ инвестициялық портфелі барлық саланы қамтыды.

– Біз өндіріс кооперациясын кеңейтудің перспективаларын егжей-тегжейлі талқыладық. Бұл бағытта елдеріміз қазірдің өзінде 13 ірі жобаны іске асырды. Бүгінде құны 2,5 миллиард доллардан асатын 8 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек инвестициялық құны шамамен 1,5 миллиард доллар болатын тағы 11 жоба әзірленуде. Келіссөз кезінде құрметті Владимир Владимировичке бұл жобалардың бәрі менің жеке бақылауымда екенін айттым. Олардың бәрі жаңа жұмыс орындарын ашуға, елдеріміздің өнеркәсіп және технологиялық әлеуетін нығайтуға бағытталған. Өніраралық ынтымақтастықтың да пайдасы зор. Екі ел арасындағы сауда айналымының шамамен 70 пайызын өңірлеріміз арасындағы өзара тиімді сауда-саттықтың үлесі құрайды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы табысты серіктестіктің жаңа инновациялық өсім нүктелері есебінен кеңейіп отырғанын атап өтті. Бүгін цифрландыру, ғарышты игеру сияқты өзекті мәселелер мен атом энергетикасы саласында мамандар даярлау бойынша елдеріміздің ілгерілеуіне мүмкіндік беретін бірқатар құжатқа қол қойылды.

– Қазақстанда инженерлік-техникалық сала бойынша жоғары білікті мамандардың қажеттігін ескере отырып, білім беру саласындағы ынтымақтастыққа ерекше мән берілді. Келіссөз барысында Владимир Владимировичке Қазақстанда Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуға келіскені үшін ризашылығымды білдірдім. Бұл қадам еліміздің білім беру саласын дамытуға сүбелі үлес қосады деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы екі тараптың да халықаралық бастамаларды ілгерілетуге өзара қолдау көрсететінін мәлімдеді. Қазақстан халықаралық ЭКСПО көрмесін 2030 жылы Мәскеуде өткізу бастамасын қолдайды.

Қазақстан Президенті Ресей Федерациясының аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі рөлін жоғары бағалады. Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздіктің тұтастығына қатысты Ресейдің ұстанымын қолдады. Аталған құжат 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның Астана форумында қол қойылған Декларацияда бекітілгенін еске салды.

– Қазіргі әлемде басқа мемлекеттердің қауіпсіздігіне залал келтіре отырып, өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес және тиімсіз екенімен келісеміз. Сондықтан халықаралық ауқымдағы қауіпсіздікке қатысты Ресей Федерациясының ұсыныстары табысты дипломатиялық келіссөз өткізуге жақсы негіз болады. Келіссөздердің тек сөз үшін емес, нәтижеге қол жеткізу үшін жүргізілгенін қалаймыз. Түптеп келгенде «жақсы жанжалдан, жаман болса да бітім артық», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Михаил Мишустинмен кездесті

Кездесу барысында Қазақстан мен Ресей президенттерінің бүгінгі келіссөздерінің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

– Елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен шынайы одақтастық қатынастарды ілгерілету үшін көп жұмыс істеу керек. Бар күш-жігерді күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін жұмсау қажет. Мен жаңа ғана Владимир Владимировичпен ұзақ әрі тиімді келіссөз жүргіздім. Біз ынтымақтастығымызды нығайтуға, халықаралық және өңірлік жағдайға қатысты барлық мәселе бойынша сөйлестік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жаңа Үкіметімен жүйелі жұмыс істеудің маңызды екенін атап өтті.

– Сіздердің өкілдеріңіз бен Қазақстанның жаңа Үкіметі арасындағы байланыстарға тың серпін бергім келеді. Қарым-қатынастар Ресей Үкіметімен арадағы іскерлік, белсенділік және өте тығыз байланыстарды жалғастыруға бағытталуы керек, – деді Президент.

Қазақстан мен Ресейдің Камаз, Сибур және басқа да жетекші компанияларының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан стратегиялық сипаты зор маңызды бірлескен жобалары бар. Бұл жобалар өндірістік кооперацияны кеңейтуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға, екі елдің өнеркәсіптік және технологиялық әлеуетін күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар Қазақстан тарапы Еуразиялық экономикалық одақ аясында тығыз ықпалдастық орнатуға ниетті. Өз кезегінде Михаил Мишустин екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты дамыту үшін Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мәскеуге жасаған сапарының маңызы зор екенін атап өтті.

– Ресей Федерациясының Үкіметі жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау үшін барлық қажетті шараны қабылдайтынын мәлімдеймін, – деді Михаил Мишустин.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті экономикалық кооперацияның мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық мақсатына сай келетініне сенім білдірді.

Тарихы ортақ туыстық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейге сапарының екінші күнінде Қазан қаласына барып, Татарстан Президенті Рустам Минихановпен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рустам Минниханов сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалар бойынша Қазақстан мен Татарстан арасындағы ынтымақтастықты кеңейту жолдарын талқылады.

Қазақстан Президенті мыңжылдық тарихымен, бай мәдени мұраларымен танылған Татарстанға сапармен келуге шақырғаны үшін Рустам Миниханова алғыс айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Татарстан арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытудың маңызды екенін атап өтті.

– Шын мәнінде, елдеріміз арасындағы байланыстардың тарихы терең. Тарихымыз – ортақ. Бұл тақырыпта жазылған мақалалар мен кітаптарды қызыға оқимын. Оқыған сайын тарихи байланыстарымыздың соншалықты терең әрі сабақтасып жатқанына көз жеткіземін, тіпті таң қаламын. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты міндетті түрде дамыту керек деген пікіріңізді қолдаймын. Қазақстан бұған дайын, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Рустам Минихановтың мықты әрі беделді басшылығымен Татарстанның қарқынды дамып келе жатқанын жоғары бағалап, республика халқының игілігі жолындағы қызметіне табыс тіледі.

Татарстан Президенті Қазан қаласына сапармен келгені үшін Мемлекетіміздің басшысына алғыс білдіріп, Қазақстанмен ынтымақтастықты дамытудың стратегиялық маңызын атап өтті.

– Біз үшін бұл – үлкен абырой. Қазақстан мен Ресей арасындағы достық байланыстар аясында Сіздің еліңізбен ықпалдастықты нығайту мүмкіндігін жоғары бағалаймыз. Қазақстан – Татарстан Республикасы үшін стратегиялық серіктес. Қазақстанның аймақтарымен көптеген келісім жасалған. Сіздің еліңізде табысты жұмыс істеп жатқан компанияларымызды көптеп мысалға келтіруге болады, – деді Рустам Миниханов.

Кездесу соңында Рустам Миниханов Қазақстан мен Татарстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, екі ел арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевты «Дуслык» орденімен марапаттады.

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Байқоңыр қаласын дамыту мәселелері қаралды

Байқоңырда әлеуметтік мәселелер оңтайлы шешіліп келеді. Әсіресе тұрғындар үшін өзекті – тұрғын үй, газдандыру салаларында оң істер бар. Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Байқоңыр қаласын дамыту мәселелерін қарап, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы Жасұлан Абатовтың атқарған жұмыстарын саралады.

Жиында Байқоңыр қаласындағы жылу электр станциясын газға қосу мәселесі қаралды. Бүгінгі таңда қала әкімшілігі қажеттілікті ескере отырып тиісті шараларды қабылдады. Бұл ретте облыс әкімдігі мен салалық министрлік жылу электр станциясына газ жеткізу бағытында бірлескен жұмыстарды атқаруда. Егер станцияны газға қосу мәселелері толыққанды жүргізілсе, тұрғындар үшін коммуналдық қызмет төлемдері біршама төмендейді. Сондай-ақ, биыл Төретам, Ақай елді мекендерін газдандыру үшін жоба құрылысын қаржыландыруға өтінім берілді.

Басқосуда Байқоңырдағы тұрғын үйлерді қазақстандықтарға жекешелендіру мәселесі де айтылды. Бұл ретте Қазақстан-Ресей арасында талқылаулар жүргізілген. Алдағы уақытта бірлескен шешімдерді қабылдау бойынша ортақ ұстаным болады.

Қазіргі таңда Байқоңырда 75 мыңнан астам адам тұрады. Оның 66 процеттен астамы қазақстандықтар. Бұған дейін тұрғын үйлерді жекешелендіруге ғарыш кешенін пайдалану жөніндегі келісім бойынша тыйым салынған болатын.

Кездесуде талқыланған тағы бір мәселе – Байқоңыр қаласы әкімшілігіне қарасты мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндерін оқыту.

Жасұлан Абатов бұл ретте қос тараптың Білім министрлігімен бірлескен шешім қабылданғаннан кейін оқыту процесіне қажетті жұмыстар жасалатынын тілге тиек етті. Ал, Байқоңырда педагогтардың оқу жүктемесіне қатысты айтарлықтай проблема болмайды.

Облыс әкімі Байқоңыр қаласында әлеуметтік мәселелерді тұрақты түрде шешу, тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын күшейту және байқоңырлықтардың тұрмыстық әлеуетін көтеру үшін атқарылатын шаралардың уақытылы жүзеге асуын қадағалауды қаперге салды.

Балық шаруашылығы су жағдайына тәуелді

Сыр өңіріндегі бренд тауарлардың бірі – балық өнімдері. Облыста 9 балық өңдеу зауыты жұмыс жасап, балықтың 14 түрі экспортталады. Оның 4-інде «Еврокод» – Еуропалық сапа стандартын растайтын белгісі бар.

Ішкі және сыртқы нарыққа шығатын балық өндірісін әрі қарай жетілдіру үшін аймақта балық шаруашалығын дамытудың 2030 жылға дейін бағдарламасы әзірленді.

Осы орайда облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Нариман Жүнісовпен кездесті.

Басқосуға әкім орынбасары, аппарат басшысы және жауапты сала мамандары қатысты.

Аймақ басшысы балық шаруашылығы облыс экономикасының негізгі салаларының бірі екенін айтып, мұндағы бірқатар мәселелерді ортаға салды.

«Соңғы жылдары Сырдария өзенінің төменгі ағысында қалыптасқан су тапшылығы балық шаруашылығын дамытуға кері әсерін тигізуде. Бүгінгі күні 207 көлдің орташа толуы 51 процент шамасында болса, 126 көлге мүлдем су түспеуде, 17 көл толық тартылған. Егер, көлдерге қосымша су түспесе, 126 көлдің де күзге дейін құрғап қалу қаупі бар. Кіші Арал теңізінің жағдайы күрделі, теңіз жағалауы өз жағасынан 15-20 метрге тартылған. Осы мәселе туралы Үкімет басшысына баяндадық, жақын арада көрші мемлекет Премьер-министрлерінің қатысуымен арнайы жиын өткізілмек. Сондықтан қазіргі таңда бірігіп, жүйелі жұмыс істеуіміз керек», – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Нариман Жүнісов аталған мәселе бойынша бірлескен жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

«Қазіргі таңда балық шаруашылығы саласын дамытудың 2030 жылға дейін бағдарламасы әзірленді. Былтыр Қызылорда облысы барлық индикаторларын орындады. Алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс жасап, даму қарқынын бірге шешуіміз керек», – деді комитет төрағасы.

Айта кетейік, бүгінгі күні облыс аумағынан балықтың 18 түрі ауланады. 2020 жылы 4303 тонна балық өнімдері экспортталған.

2021 жылы 3911 тонна балық Ресей, Польша, Литва, Нидерланды, Грузия, Германия, Украина, Қырғызстан, Австрия, Әзербайжан елдерінің нарқына шыққан. Экспортталатын балықтардың негізгі түрлері тыран, торта, алабұға, шортан, көксерке. Сондай-ақ, өңделген өнімдер түрінде көксерке сүбесі, тыран қанаттары, балық фаршы, балық сүбесі, мұздатылған балық және балық ұны шетелдерге саудаланады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ДЕНСАУЛЫҚ

Сала жылды қорытындылады

Жұқпалы кесел жайлаған кейінгі екі жыл еліміздің қай саласына да ауыр тигені белгілі. Әсіресе, денсаулық сақтау саласы үлкен сынақты бастан өткерді. Алайда атқарылған жұмыстар да аз емес.

Sb **Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»**

Көпбейінді облыстық аурухананың мәжіліс залында облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменованың қатысуымен облыстық денсаулық сақтау басқармасының алқа мәжілісі өтті. Жиында басқарма басшысы Сәбит Пазылов былтыр салада атқарылған жұмыстарды баяндады.

Жалпы облыстың бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарына 804124 тұрғын (2021ж 1 қаңтар – 794935) тіркелген. Оларға 18 стационарлық, 21 амбулаториялық-емханалық медицина ұйымы көмек көрсетеді.

– Өздеріңізге белгілі, 2020 жылдың наурыз айынан бастап, күні бүгінге дейін COVID-19 инфекциясымен күресіп келеміз. Індетпен күрес шаралары аясында біршама жұмыстар жүргізілді. Былтыр тамыз айында 200 төсек-орынға арналған модульдік аурухана іске қосылды. Одан бөлек, тұрғындардың бастапқы медициналық-санитариялық көмекке БМСК-ға қолжетімділігін арттыру үшін Астана шағын ауданында №3 қалалық емхана филиалы ашылды. Жаңақорған ауданындағы Жаңарық елді мекенінде дәрігерлік амбулатория іске қосылды. Арал, Қазалы, Шиелі аудандарында 6 медициналық бекет қолданысқа берілді, – деді басқарма басшысы.

Медицина ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін 1,1 млрд теңгеге құрал-жабдықтар алынды. Нәтижесінде, көрсеткіш 70,1%-тен 77%-ке жоғарылады. Шалғай елді мекендер тұрғындарына медициналық көмек көрсету үшін Арал және Шиелі аудандарына лизинг арқылы 2 жылжымалы медициналық кешен алынды. Қазіргі кезде облыс бойынша 7 жылжымалы медициналық кешен бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс жасауда. Жыл қорытындысымен 122183 тұрғынға медициналық көмек көрсетілген.

Маман тапшылығын болдырмау үшін 84 дәрігер жұмысқа қабылданып, олардың 24-і елді-мекендерге жолданды. 2020 жылы 110 дәрігер тартылса, олардың 39-ы ауылдық жерлерге жіберілген. Сондай-ақ, 2016 жылдан бастап өңірге аса қажетті медицина мамандарын даярлау бойынша 111 резидентке облыс әкімінің гранты тағайындалды. Қазіргі кезде 47 жас түлек емдеу ұйымдарында қызмет атқаруда. Ал биыл 25 резидент келеді деп күтілуде.

– Бұдан бөлек, 2017-2021 жылдар аралығында медицина саласында сұранысқа ие «Жалпы медицина» мамандығы бойынша маман даярлауға облыс әкімінің 127 гранты бөлінді. Бұл шаралар өз кезегінде 2024 жылдан бастап аймақты дәрігерлермен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Сәбит Бексейітұлы.

Оған қоса, кадрлар біліктігін арттыру, тәжірибе алмасу мақсатында эпидемиологиялық ахуал тұрақталған кезде бас дәрігерлер мен орынбасарлар, яғни, 14 маман Түркия мен Біріккен Араб Әмірліктерінде тағылымдамадан өткен.

Облыста жедел жәрдем қызметін 79 топ атқарып отыр. Былтыр шақырулар 455750-ді құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 8,7%-ке жоғарылаған.

Медициналық-санитарлық авиация бойынша 7 санитарлық автотранспорт, 2 ұшақ және 1 тікұшақ көмек көрсетеді. Ауыр науқастарға медициналық авиация көрсеткен көмек саны 1,3% -ке өсіп, 708-ді құраған.

Мамандандырылған және жоғары технологиялық-медициналық көмек түрлері де кейінгі жылдары қарқынды дамуда. Жоспарлы түрде жолданған науқас саны 4045-ті құраса, оның ішінде жатқызылғаны – 3707.

– Өткен жылы салада атқарылған жұмыстарды сараладық. Жеткен жетістіктеріміз де жетерлік. Мұның бәрі Мемлекет басшысының денсаулық сақтау саласын қолдауының және тұрғындардың медицина қызметкерлеріне деген сенімінің арқасы деп білемін. Алдағы жылы да тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады, – деді басқарма басшысы.

Жиын соңында алдағы міндеттер айқындалып, жоспарлар нақтыланды.

МІНБЕР

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Еліміздегі егін судың 90 пайызын Оңтүстік өңірлер пайдаланады. Соңғы жылдары Сырдария өзені бассейнінің кепілді сумен қамтамасыз етуінің бұзылуына байланысты Қызылорда облысында күрделі су тапшылығы жағдайы қалыптасты. Арал-Сырдария бассейні мемлекеттер тарапынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына суды жіберу бойынша қабылдаған халықаралық келісім-шарттар мен міндеттемелер орындалмайды. Мысалы, былтыр «Шардара» су қоймасына келісілген су көлемінің 57%-ы ғана түскен. Биылғы жылы ахуал бұдан да күрделі болатындығын мына цифрлардан көруге болады. Ақпан айының басындағы мәлімет бойынша «Шардара» су қоймасында былтыр 3 млрд 840 млн текше метр су болса, биыл 430 млн текше метрге кем, «Көксарай» су реттегішінде былтыр 651 млн текше метр су жиналса, биыл 24 млн текше метр, яғни 630 млн текше метр су кем жиналған.

Сырдария өзенінің тартылуы кезінде «Ғасыр жобасы» атанған Кіші Арал теңізіне де үлкен әсер етуде. Мысалы, қазіргі кезде Кіші Аралдың су көлемі 2015 жылға қарағанда бес милллиард текше метрге азайып, жағалаудан 20 метрге дейін тартылып кетті. Облыс көлеміндегі 200-ден астам көлдердің 14-і толығымен кеуіп, қалғандарының суы 50%-ға дейін азайды. Керісінше, биыл былтырғы жылмен салыстырғанда сағадағы мүмкіндігін пайдаланып, көрші Өзбекстандағы «Әндіжан», «Бахри-Точик», «Шарбак», т.б. су қоймалары мол су қорын жинап алғандығы туралы мәліметтер бар. Халық, әсіресе ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер тиісті су үлесін алуға не кедергі, неге егіс көлемін азайттыңдар деумен ғана билік шектеліп отыр деген сұрақтар, хаттар біздің де атымызға көптеп түсіп жатады.

Облыс жұртшылығының негізгі бөлігі Сырдария өзенінің бойында тұрып, олардың табысы өзен суымен тікелей байланысты болғандықтан және аймақтағы экологиялық жағдайдың ушығуына байланысты облыс халқы өңір болашағына қатысты үлкен алаңдаушылық білдіруде. Өңірде жаппай құрғақшылық етек алуда. Өткен жылы құрғақшылықтан 2 мыңға жуық мал қырылса, 10 мыңнан астам ірі қара мен жылқы малы жем-шөптің жетіспеуімен және қымбат болуына байланысты көрші облыстарға арзан бағаға сатылуда. Біздер бір ұрпақтың көз алдында үлкен Арал теңізінен айырылып қалдық. Енді жағдай осылай болып кететін болса қарт Сырдария өзенін жоғалтып аламыз. Сырдариядан айырылу адам көз алдында елестете алмас өңірлік ғана емес, әлемдік деңгейдегі апат болады. Түркістаннан бастап Ақтөбеге дейінгі алқап екінші қу мекен бетпақдалаға айналатыны сөзсіз.

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Өңірдің экологиялық, әлеуметтік-экономикалық ахуалына байланысты бірнеше ұсынысты назарыңызға салуды жөн көріп отырмыз. Біріншіден, Үкімет басшысы ретінде су саясатын мықтап қолға алмасаңыз ертең кеш болады. Тиісті министрлік деңгейінде бұл мәселе шешілмейді. Ол үшін трансшекаралық су мәселелерінде Қазақстанның мүддесін бермеуіміз керек. Сондықтан су сағасында орналасқан елдерден судың мемлекетаралық келісімге сәйкес мөлшерін мемлекеттік деңгейде шешудің жолдарын тез арада қарастыру қажет. Ортақ су пайдалану мәселесін тиімді шешу үшін ол елдерге қатысты экономикалық тетіктерді де пайдаланған дұрыс деп есептейміз.

Екіншіден, Қызылорда облысының 200-ге жуық ауылдық елді мекендері «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының бойына жақын орналасқан. Өкінішке орай осы кезге дейін ауылдық елді мекендердің бірде-біреуі газдандырылмаған және ілеспе газға қатысты тариф соңғы жылдары негізсіз көтеріліп кеткен. Бұл әлеуметтік мәселе қарапайым халық тарапынан үнемі наразылық туындатып келеді.

Үшіншіден, өңірде мұнай өндіру саласы күрт қысқаруда. 2013 жылы облыста 10,5 млн тонна мұнай өндірілсе 2021 жылы мұнай өндіру 4,1 млн тонна, яғни 2,5 есе төмен түсіп кетті. Облыс өнеркәсіп өнімінің 90 пайызы мұнай мен уран өнеркәсібіне тиесілі болғандықтан өңірлік жалпы ішкі өнім, халықтың орташа жалпы табысы, шағын және орта кәсіпкерлердің өндірген өнімдері сияқты негізгі көрсеткіштері көңіл көншітпейді. 2022 жылға бекітілген 390 млрд облыстық бюджеттің 71 млрд 495 млн, яғни 18,8%-ы ғана өңірден жиналған өз табыстары. Облыс бюджеті тек республикалық трансфертке байланып қалды.

Сондықтан да, құрметті Әлихан Асханұлы, Үкіметтің қаулысымен 2019 жылы төрт жылға арнап қабылданған «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарын» қайтадан жаңартып, өңірдегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайларға баса назар аударатындай нақты өңірлік іс-шаралар жасалуы қажет. Оның ішінде облыс үшін өте тиімді мал шаруашылығын дамытуға барынша назар аударып, суды аз қажет ететін жемдік, бау-бақшалық дақылдарды өндіруге басымдық беріп, олардың көлемін ұлғайту үшін дихандарға жеңілдетілген, ұзақ мерзімге несие беру, мал өнімдерінің өзіндік құнының 45% мал азығы құрайтынын ескере отырып, оның көлемін арттыру мақсатында жем-шөп дақылдары өндірісін дамытуға бағытталған өңірлік ынталандыру шараларын қарастыру, өңірдегі мал басын және өнімділігін арттыру үшін мал жайылымдарын, әсіресе Қарақұм, Қызылқұм, Қаратау баурайындағы жерлерді суландыруды қаржыландыру, ауылдық елді мекендерді газдандыру сияқты бірінші кезектегі жобаларды тез арада іске асыру керек деп есептейміз.

Құрметпен, **М.БАҚТИЯРҰЛЫ, А.ӘЛІНАЗАРОВА, Б.ҚАНИЕВ, Ә.ҚҰРТАЕВ, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары**

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

Жол қатынасының маңызы туралы тәптіштеп жатудың өзі артық. Экономиканың күретамыры, халықтың қарым-қатынасы мен барыс-келісінің арқасында дамитын әлеуметтік-мәдени байланыстардың алтын арқауы саналады. Алайда, сол жолды салу оңай емес, қай кезеңде де оның құрылысы аса көп мөлшерде қаржыны керек етеді. Әсіресе, біздің елімізде мұның себеп-салдары аян. Территориясы өте үлкен емес, елді мекендері бір-біріне жақын орналасқан, автомобиль ағыны тығыз болатын елдер үшін жол салу қиынға соға қоймас. Ал ұлан-ғайыр жерді алып жатқан, 200-300 шақырым аралықта санаулы ғана шағын елді мекен орналасқан, көлік ағыны тығыз емес Қазақстан сияқты мемлекетке жол салу қымбатқа түседі.

ЖЕЗҚАЗҒАН ЖОЛЫНДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Sb Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Осындай себептерге байланысты Қызылорда мен Жезқазған аралығындағы жол көп жылдан бері жөндеу көрмеді. Жүргізушілер мен жолаушылар бұл жолдың азабын аз тартқан жоқ. Әрине, халық арасында «осы жолды неге қалыпқа келтірмейді?!» деген реніш жиі айтылады. Республикалық маңызды осы жолдың жөнделіп, заманауи стандарттарға сай болуы туралы мәселені Қызылорда облысы әкімдігі бірнеше мәрте Үкіметтік деңгейде көтерген болатын.

Алайда, осы жол құрылысы кейінге қалдырыла берді. 2003 жылы Үкімет бұл мақсатқа арнайы қаржы бөліп, Жезқазған-Қызылорда автожолының біздің облыс аумағындағы 30 шақырымдай бөлігіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңадан асфальт төселген болатын. Бұл жұмыс келесі жылы да жалғасын табуы тиіс еді. Бірақ сол кездегі республика Үкіметінің басшысы «Қызылорда облысы халқына экологиялық төлем төленуде, қаржы көп кетіп жатыр» дегенді желеу етіп, біздің облыстағы бірқатар жобалар қаржысын қысқартып тастады. Ол сол кездегі облыс әкіміне «экологиялық төлемді алып тастаңдар, сол кезде жобаларды қаржыландыру жалғасын табады» деп қысым көрсетумен болды. Амалсыздан осындай қадамға барды.

Дегенмен, облысқа басшылыққа келген әрбір азамат аталған жол мәселесін міндетті түрде Үкімет назарына ұсынып отырды. Ал, өткен жылы жақсы жаңалық келіп жетті. Қос өңірдің халқы үшін ірі маңызға ие Қызылорда-Жезқазған тас жолында жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы Үкімет ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне пәрмен берді. Осыдан кейін жұмыс басталып кетті. Республикалық маңызы бар А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автомобиль жолының «Қызылорда-Жезқазған» тас жолының 12-216 шақырымдар аралығын, ұзындығы 204 шақырымды қайта жаңарту жұмыстары бойынша жобасметалық құжаттар дайындалды. Одан кейін құжаттар үйлестіру кеңесінен өтті. Қаржыландыру институттары арқылы қаржыландыру мәселесі шешімін тапты. «Қазавтожол» ұлттық компаниясы Еуропа қайта құру және даму банкімен құны 240 миллион доллар (106 млрд теңге) тұратын Жезқазған-Қызылорда автомобиль жолының жаңа жобасына қол қойды. Бұл қаржы Қызылорда мен Жезқазған арасындағы ұзындығы 204 шақырымдық ескі жолды күрделі жөндеуге, сондай-ақ, Қызылордадағы ұзындығы 14,8 шақырымдық айналма жолдың құрылысына жұмсалатын болады.

Бұл – өткен жыл соңындағы бастама. Одан бері көп уақыт өткен жоқ, бірақ елімізде осы уақыт аралығында бірқатар айтулы оқиғалар болып өтті. Үкімет ауысты. Қызылорда мен Жезқазған арасындағы жол құрылысына тікелей жауапты «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ басшылығы ауысып кетті. Осы жағдайларды ескеріп, «жол құрылысы мәселесі қалай болар екен?!» деген көңілге күдік ұялап, алаңдаушылық білдіргенімізді жасырмаймыз. Бірақ, «ҚазАвтоЖол» ҰҚ» АҚ-ның облыстық филиалы мамандарымен хабарласқанымызда олар күдігімізді сейілтті. Жұмыс жалғасын тауып жатыр екен.

Қазіргі таңда 5 лоттың (24-216 шақырым) жұмысын атқаруға тиіс бес мердігер мекеменің үшеуі анықталған. Олар – «КазГерСтрой БК» ЖШС, «Чайна Сивил Инжениринг» компаниясы және «Қыран» ЖШС.

Бүгіндері мердігер мекемелердің басшы құрамымен, жергілікті инертті материалдар өндірушілермен, жер бөлумен айналысатын мекемелер және қосалқы мердігерлермен кездесулер өткізілді. Құрылыс -монтаж жұмыстарын осы жылдың наурыз айында толыққанды бастау бойынша тапсырма берілген. Авторлық қадағалау бойынша қаржыландыру жоспары бекітілу үстінде. Жобаны басқару жөніндегі сарапшылар (КУП) анықталған, ол – КаздорНИИ. Қазіргі уақытта анықталған мердігерлер дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Айта кету керек, жоба бойынша облыс орталығы тұсындағы айналма жол I санатты, ал Жезқазған бағытындағының ені 9 метрлік II санаттағы жол болмақ. Облыс аумағындағы жол үстінде ауыл шаруашылық техникалары мен үй жануарларына арналған 2 жол өткелі, су арналарынан өтетін 3 көпір, 2 дана көпфункционалды аралық бақылау (салмақ, габарит, жылдамдық) өлшейтін аркалар, заманауи жылы 5 дәретхана, 6 демалыс алаңы, 56 су өткізгіш құбыр, 10 мал өткелі, 117 дана жол қиылысы және түйісуі қарастырылған.

Жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары 3 жыл мерзімде жүргізіледі және шамамен 2,5 мың адам жұмыспен қамтылады, оның 70%-ін яғни, 1750 адамды жергілікті тұрғындар құрайды деп күтілуде. Жол құрылысына жергілікті құрылыс материалдары қолданылады. Салу бағыты Қызылорда қаласынан басталады.

Жаңартылған жол стратегиялық бағыт бойынша жолаушылар мен жүк тасымалын жақсартады. Сонымен қатар, өңірлердің орталықпен байланысын жақсартуға, жол қозғалысы қауіпсіздігі стандарттарының жоғарылауына мүмкіндік береді.

Аудан жаңалықтары

Шағын қорадан басталған қожалық

Қызылорда. Кәсіпкер Бекболат Рсалиев 1998 жылдан бастап ірі қара мал өсіріп, етін сатуды кәсіп қылып келеді. Белкөл кентінде 5 гектар аумақты алып жатқан «KZO-Ет» шаруа қожалығы алғашында шағын қорадан бастау алған.

Кейін сауда көлемі ұлғайып, сатып алушылар қатары көбейе келе кәсібін кеңейту үшін «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында 58 млн теңге қаржы алды. Қазір 6 сауда нүктесі болса, оның екеуі – әлеуметтік дүкен. Аталған дүкендерге тәулігіне 200-300 келі сиыр мен жылқы етін халыққа тиімді бағада жеткізуде. Кәсіпкер 10 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Өнімділікті арттыруға арналды

Арал. Ауданда егін шаруашылығында өнімділікті арттыру мақсатында жергілікті шаруаларға теориялық түсіндірме оқу семинары өткізілді.

Семинарға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жаратылыстану институтының директоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Самалбек Қосанов және Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері қатысып, заманауи технологияларды пайдалану арқылы егін егу әдістері мен өнімділігі жоғары тұқымдарды қолданысқа енгізу жөнінде кеңес берді. Шаруашылық иелерінің сұрақтарына жауап беріп, ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

Қалдықты кәдеге жаратқан

Қазалы. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентіндегі қауіпті қалдықтарды өңдеу және жоюмен айналысатын кәсіпкермен кездесті.

Кездесу барысында жеке кәсіпкер Ерлан Орынбаев 2016 жылы «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие алып, кәсіпкерлігін бастағанын жеткізді. Мемлекеттік бағдарламамен алынған қаржыға медициналық қалдықтарды өңдеп және жоятын арнайы құрылғы сатып алған. Көршілес Арал және Қармақшы аудандарының медициналық ұйымдарымен келісім-шартқа отырып, қызмет көрсеткен. Қазіргі таңда тек қана Қазалы ауданының медициналық мекемелерімен жұмыс жасауда. Бұл өз кезегінде кәсіпкерге үлкен кедергі келтіруде. Себебі жоба 3 ауданнан шығатын қауіпті қалдықтарды жоюға арналған. Тәулігіне 200 келіге дейін қалдықты жоя алады.

«Жасөспірім» іс-шарасы

Қармақшы. Аудандық полиция бөлімінің мамандары «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізді. Құқық қорғау қызметкерлерімен бірге жастар ресурстық орталығы да рейдтік іс-шараға қатысты.

Мақсаты – кәмелетке толмаған жасөспірімдердің мезгілсіз уақытта жүруіне, қылмыс пен құқық бұзушылыққа жол бермеу және жасөспірімдер құқығының бұзылмауын қадағалау. Рейдте олар жиналатын орындар, ойын-сауық кешендері, дүкендер мен көңіл көтеретін орындар тексеріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Тұрғындар тілегі ескерілмек

Жалағаш. Мәдениет пен өнерді дамыту орталығында кент әкімі Ғалымжан Телібаев былтыр атқарылған жұмыстар жөнінде баяндама жасап, тұрғындармен кездесті. Оған аудан әкімі Асылбек Шәменов, бөлім, мекеме басшылары қатысты.

Баяндамада айтылғандай, жыл көлемінде аудан орталығында бірқатар игілікті істер атқарылған. Кент тұрғыны, еңбек ардагері Әбілқайыр Ерәлиев Дәуімбай елді мекеніне ағаш егу қажеттігін, аяқсудың келмейтінін айтса, Нұрбол Серікұлы қала мен екі ортада қатынайтын такси жолақысының қымбаттауын, Нұрлан Құдайбергенов зейнет жасындағы кісілердің өз уақытында жастарға жол ашуы қажеттігіне назар аударды.

Кездесуді қорытындылаған аудан әкімі А.Шәменов тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің назарда болатынын айтты.

Жаңа кондитер орталығы

Сырдария. Аманкелді ауылында кәсіпкерліктің көкжиегі кеңейіп келеді. Өз қаражаты есебінен кәсіп ашып, жұмыс жасауға ниет білдірушілер жетерлік. Осындай жандардың бірі «Құралай» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Құралай Бәкірова ауылдан кондитер орталығын ашты.

Ашылу рәсіміне ауыл әкімі Мейрамбек Нұрғалиев қатысып, сәттілік тіледі. «Шаруасы өрге домалап, өзін ғана емес, ауылдың дамуына да өз үлесін қосуына тілектеспін», – деді ауыл әкімі. Кәсіп иесі бірнеше жылдан бері ауыл тұрғындарына кондитерлік өнімдер сатумен айналысады.

Алдағы уақытта ауыл халқын ыстық нан және тәтті тоқашпен қолжетімді бағада қамтамасыз етеді.

Нақты жұмыстар жүргізіледі

Шиелі. Аудан әкімі Нариман Мақұлбеков әлеуметтік желі арқылы ауыл тұрғындарының көтерген мәселелерін назарға алып, Еңбекші ауылдық округі тұрғындарымен кездесті.

Кездесуде Еңбекші ауылдық округіндегі «көгілдір отын», жайылымдық жер және көшені асфальттау мәселелерін айтып, олардың шешілу жолдарын баяндады. Тұрғындар тарапынан Шиелі бағытынан және ауыл сыртындағы айналмалы жолдың көңіл көншітпейтіні, «Гежуба Шиелі цемент» зауытына қарай ауыр жүк көліктерінің шамадан тыс жүк тасуы секілді мәселелер көтерілді. Аудан әкімі бұл түйткілдер кезең-кезеңімен шешімін тауып, нақты жұмыстар жүргізілетінін айтты.

«Байкенженің» байлығы

Жаңақорған. Аудан әкімі Руслан Рүстемов өңірімізде кен байыту өндірісімен айналысып жатқан «Қызылқұм» және «Байкен-U» ЖШС бас директорларын қабылдап, кәсіпорын басшылары мен Байкенже ауылы тұрғындарының кездесуін ұйымдастырды.

Басқосуда аудан көлемінде қолға алынып жатқан газ, ауызсу, аяқсу, биыл салынатын әлеуметтік маңызы бар нысандар жайлы айтылды. Ауыл тұрғындары өндіріс орындарының басшыларына жеткізе алмай жүрген тұрмыстық қажеттілік пен басқа да проблемалық мәселелерін ашық айтып, көкейде жүрген сауалдарын қойды.

Дайындаған
Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Журналистік жортуыл ғажап. Қала мен даланы аралай жүріп, сәтті мақала жазуға себі тиетін түрлі жағдай кездеспей қоймайды. Қызығы мен шыжығы, жұртқа ойсалары мен өлмейтін тақырыбы да көп. Оны тек жалықпай іздеуің керек.

Айтпақшы, біздің облыс орталығында ЗК-169/5 деп аталатын мекеме бар. Сырт көзге аты-жөні түсініксіз көрінер. Бұл – бас бостандығынан айырылғандар отыратын орын. Аты да, заты да құлаққа суық естілетін, осының ішінде арнайы жұмыс көзі ұйымдастырылғанын естігенбіз. Барып көрмекке ниеттендік. Барып та үлгердік. Қабырғалы биік дуал мықтап шегенделген. Әрі оның үсті тікенек сым шиыршықтала оратылыпты. Бәлкім, оған электр тоғы жүргізілген болар деген ой да басымызды билеп үлгерді. Талай криминалды фильмдерде көргеніміз еске түскенін қалай жасырамыз?!

Қатал тексеріс бар мұнда. Сигнализация. Әр жерден өзіңе тесіле қараған қырағы бейнебақылау. Қойнымыздағы бар дүниені ауызғы тексерістен-ақ қалдырдық. Сықырлаған ауыр темір есіктердің бесеуінен өткен шығармыз. Әупірімдеп жүріп, арнайы құжатпен түрме ішіне ене бердік.

Sb Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ОТ БАССА ДА ОТБАСЫН АСЫРАҒАНДАР

Тұтас өндіріс демей көріңіз…

Иә, мұнда сотталушылардың жұмыс істеп, жалақы алуға мүмкіндігі бар. Оны көзбен көрдік. Тіпті, тұтас бір өндіріс тұр мұнда. Әр бөлмеге орналасқан наубайхана, қолөнер, ағаш пен тігін цехы, тіпті дәнекерлеушілер де бар. Аяқ киім шеберханасы тұр. Жазды күні құрылысқа қажетті өнімдер (шлакоблок, пескоблок, т.б) шығаратын маусымдық шағын кәсіпорын да бізге кезікті.

– Жыл басына дейін 10, ал биылдан бастап тағы да 3 ай сынақ мерзімімен 10-нан астам сотталушыны жұмысқа қабылдадық. Бұл жердегі тек тігінге ебі барлар. Айлығы келісім бойынша болады. Сол арқылы кәсіп үйреніп жатқандар көп. Біз түрлі құрылыс не мұнай компанияларының тапсырысын орындаймыз. Мысалы, осы цехта арнайы жұмысшы киімі, қолғаптың жаздық және қыстық түрі тігіледі. Киімнің сапалы болып, жақсы тігілуі, үтіктелуі, сондай-ақ сотталушы тапсырманы уақытылы орындап отырса, оған сыйақы ретінде қосымша ақы төлейміз. Түрме мекемесі арнайы бөлме берді, біз тек тігін машиналары мен өз жабдықтарымызды ғана әкелдік, – дейді «Ас-Ка» ЖШС өндіріс директоры Маржан Яшукурова.

Тігін цехында көргеніміздей, сотталушылар тіккен киім мен қолғап қара базарда кездесетін дүниеден кем емес. Тіпті, одан артық десек болар. Маржанның айтуынша, әсіресе, осы жұмыс қолғаптарын облыс қана емес, басқа да өңірлерге сатылымға шығару жоспарлануда.

Ал ағаш цехын аралағанымызда тым тәуір бұйымдарға тап болдық. Ыдыс-аяқ, сандық, қамшы, сыйлық қорапшасы, кемелер, түрлі кәдесый. Үстел мен жатын бөлмесіне арналған кереует. Ұлттық музыкалық аспабымыз домбыра, оған қосымша гитара да бар. Бізді қызықтырғаны ұзындығы екі метрлік ағаш кеме. Түрлі жарықшамдармен безендірілген кеменің кез келгенді қызықтырмай қоймайтыны да осыдан. (суретте)

– Цехта 2016 жылдан бастап істеймін. Өзіңіз көргендей, барлық бұйымдар арнайы тапсырыспен жасалады. Соған орай еңбекақы аламыз. Мысалы, мына желкенді кемені бір ай ішінде бітірдік. Қажетті заттарды біз өзіміз айтамыз, ал жұмыс ұсынушы қалғанын жеткізіп отырады, – дейді атын айтуды жасырған сотталушы.

Түрме басшылығының мәліметінше, олар осылай табыс табу арқылы отбасына ақша жіберіп отыр. Сондай-ақ жәбірленуші тарапқа немесе мемлекетке қарыз болса жұмыс істеу арқылы да шығынын қайтарады. Мекеме ішінде арнайы дүкен ұйымдастырылған. Кез келген жазасын өтеуші тапқан табысы арқылы одан керек-жарақтарын алады екен. Қазір кейбір қамақтан босанғандар арасында үйренген кәсібі арқылы жұмыс істеп, нәпақасын тауып жүргендер бар көрінеді.

Бүгінде түрме ішінде 333 сотталушы жұмыс істейді. Оның ішінде шаруашылық қызметте 53, «Еңбек-Қызылорда» РМК филиалында 112, өзге жеке кәсіпкерлердің қарамағында 168 адам бар. Жалпы ЗК-169/5 мекемесіндегі жазасын өтеушілерге жұмыс ұсынып отырған 9 кәсіпкер барын айта кеткен жөн.

Айтпақшы, мекемедегі 794 сотталушының 660-тан астамы еңбекке жарамды. Қалғаны түрлі деңгейдегі мүгедектігі бар азаматтар. Санамалап айтсақ, I топтан 4, II топтан 4, III топтан 12 мүмкіндігі шектеулі адам бар. Бұған қоса денсаулығында кінәраты, дәрігерлер шешімімен арнайы анықтамасы барлар да кездеседі. Өйткені, ота жасалып біткен немесе енді жасалатын сотталушылар жоқ емес. Түрлі ауру диагнозымен есепке алынғандар да арнайы бақылауда ұсталады.

«Өкінгенмен өмірді жақсы көремін»

Түрме ішінде тәртіп қатал. Тым қатал. Әр жерде сақылдаған рация даусы. Кездесуге келгендерді қабылдау кезіндегі бірнеше бақылау. Сыртта әбден еркін жүрген біздің бұл еңсемізді езе түседі.

– Былтыр осындай жағдайға түсіп, от бастым, – дейді 29 жастағы Қуандық. – 3 жыл, 7 ай мерзімге қамалдым. Алаяқтық іс-әрекетім бойынша жәбірленушілер арыз түсірді. Өзім Атырау қаласының тумасымын. Қазір 1 жыл 8 ай уақытымды өтедім. Құдай қаласа, бостандыққа шықсам, дұрыс жолға түсемін. Жәбірленушілердің шығынын өтеп келемін. Түрме әкімшілігі дұрыс тамақтануға, киіммен қамтамасыз етуге, бөлменің жылуына дұрыс қарайды. Ол жағынан еш қам жемеуге болады.

Қуандық үлгілі тәртіппен бас бостандығын өтеуде. Алдағы уақытта анасы мен отбасының қасында болсам деп армандайды. Адал еңбекті дос еткісі келеді.

Ал екінші сотталушы есімі Сұлтанбек. Өз облысымыздағы бір ауданның тумасы. Жазасы тым ауыр. 34 жастағы оның бас бостандығын шектеу мерзімі – 18 жыл. Адам өміріне қасақана қастандық жасау арқылы өмірін қиған. Осыны естігенде сұхбат құрған біздің көңіл-күйімізді өзіңіз де шамалай беріңіз.

– Қазір тоғыз жыл болыпты мұнда келгеніме. 2015 жылдан бері осында ашылған өндірістік аймақтағы жылу орталығында оператормын. Шыны керек, адам істеп алған қателігінен соң өкінеді. Шын өкінгеннің бірі өзім болдым. Ата-анам, бауырларымды жерге қараттым. Өкіне отырып өмір сүргім келеді. Түсініңіз, рас айтам, мен бәрін ұмытқым келеді. Аманесен шықсам, отбасыма тіке барамын. Үйленемін деген мақсатым да бар. Армандар орындалады дейді ғой. Әзірге осындағы ұзақ мерзімді кездесуге келген анамды, бауырларымды көргеніме шүкір деймін, – деп ағынан жарылды ол.

Ішкі ойын мұндана отырып айтқан өзіміз қатарлы жігіттің тіршілікке деген талпынысы бізді бұл жолы шын қуантты. Іштей «Құдай қолдасын» деген қазақы тілегімізді де айтып үлгердік.

Рақымшылыққа іліккені аз

Абақты ішінде ойға түскен тағы бір жайт бар. Ол өткен жыл соңындағы рақымшылық туралы заң. Иә, былтыр желтоқсан айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңына қол қойды. Мұндағы басты мақсат – аса ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін жазадан босату. Сонымен қатар, кейбір ауыр, аса ауыр қылмыстар үшін де жаза мерзімі қысқартылады. Мұндай рақымшылыққа ардагерлер, кәмелетке толмағандар, жасы үлкендер, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, қоғамға қауіп төндірмейтін адамдар ғана ілінбек. Ал ауыр және аса ауыр, сондай-ақ террористік және экстремистік қылмыстарға барғандар бұдан тыс қалатыны анық айқындалып тұр.

– ЗК-169/5 мекемесінде 794 сотталушы бар. Оның басым көпшілігі – ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандар. Террорлық әрекеттер, сыбайластық, тұлғаға қатысты кісі өлтіру, т.б. Сол себепті мұнда тәртіп те қатал. Кешегі жыл соңындағы Мемлекет басшысының рақымшылық жасау жайлы заңына іліккендер аз. Біздің мекемеден 39 адам осы санатқа кірді. Бірақ оның ішінде 5 сотталушы бостандыққа шығып, қалғанының заңға сәйкес жаза мерзімі ғана қысқартылады. Енді қараңыз, осы жаза мерзімі қысқарған сотталушылар арасында мерзімі аяқталып, бостандыққа шығып жатқандар да бар. Мысалы, заң бойынша жазасының үштен бірі қысқартылатын болса, сол уақыт бостандыққа шығатын күнге сәйкес келіп, түрме есігінен шығатындар да кездеседі. Сондай рақымшылықпен тағы бес адам жіберілді. Әлі де 2-3 сотталушы осы рақымшылыққа ілінбек, – дейді ЗК-169/5 мекемесі бастығының орынбасары, әділет майоры Жалғасбек Есмаханов.

Мәліметке сүйенсек, облыс бойынша 78 сотталған тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай рақымшылыққа ілінді. Оның ішінде босатуға жататындар – 44. Жазасы қысқартылатындар – 34. Бүгінгі күнде рақымшылықпен 34 сотталған босап шықты.

Кездесу һәм кәсіптік білім немесе қос тақырыпты бірге қамтысақ

Аталған түрмеде жатқандардың алды 25, 20 жылдан арқалағандар. Ал ең төменгісі 1 жыл 2 ай. Соңғы аталған сотталушының өзі бұрын бас бостандығын шектеу арқылы жаза арқалаған. Бәлкім үй қамақ, бәлкім өзге қалаға кетпеу шарасы қолданған шығар. Бірақ, қазақша айтқанда, тыныш жүрмей, тәртіпке көнбеген. Мұндайды сот шешімімен амалсыз түрменің есігінен ішке қарай кіргізуге тура келеді. Сондай-ақ өзге облыстан ауыстырылып, жазасын өтеп жатқандар да жеткілікті.

Жалғасбек Есмахановтың айтуынша, жазасын өтеушілермен жақындарын сөйлестіру не кездестіру жағы жеткілікті ұйымдастырылуда. Арнайы таксофон орнатылып, «Skype» байланыс жүйесі арқылы бейнеқоңыраумен сөйлесіп отырады. Туыстары сотталушыны қысқа және ұзақ мерзімді кездесуде көріп кетіп жүр.

– Бұл жерде қысқа мерзімді кездесудің уақыты 2 сағатқа белгіленген. Ал ұзақ мерзімді кездесу екі тәулікке дейін болады. Осы екіншісіне тек ең жақындары ғана келеді. Олар кімдер? Ата-анасы, бірге туған бауыры, жұбайы. Ең жақынымен кездесуге жеке бөлме қарастырылған әрі бұл әлеуметтік пайдалы байланыс деп аталады. Сол бөлмеде тамақтанып, үйдің яғни қазақша айтқанда етін асып, палауын басып жейді. Бірақ әкелген тамақ өнімдері де қатаң бақылаумен кіретінін айтуымыз керек.

Жалпы келушілерге тыйым салынған заттар әкелуге болмайды. Мысалы, спирттік ішімдік, наркотикалық заттар, байланыс құралдары, т.б. Жалпы есі дұрыс адам не әкеліп, не әкелмеуге болатынын түсінеді деп ойлаймын, – дейді түрме мекемесі бастығының орынбасары.

Айта кету керек, бұл кездесулер сотталған адамның жазасына байланысты. Мұндағы жаза екі режим – жалпы және қатаң. Осы екі режимдегі сотталушылардың кездесу мүмкіншілігі әртүрлі. Бұл заңда анық көрсетілген. Екіншіден, жазасын өтеушінің түрмедегі тәртібі де ескерілетін көрінеді. Мысалы, жалпы режимдегі, ауыр қылмыс жасамаған адам жылына екі рет, алты ай сайын ұзақ мерзімді кездесуге шыға алады. Қысқа мерзімдегісі екі ай сайын (6 рет) болады. Қатаң режимдегі ауыр және аса ауыр қылмыс жасаушылар жылына төрт рет қана қысқа мерзімді кездесуге шыға алады. Ал ұзақ мерзімге жылына бір рет қана жақынымен кездеседі. Әрине, тәртібіне байланысты кездесу мерзімі де өзгеретіні белгілі. Сондай-ақ сотталушының өз адвокатымен қажеттілігіне қарай кездесуге құқы бар.

– Бізде кәсіптік оқыту деген бар, – деп әңгімесін жалғастырды Ж.Есмаханов. – Облыстық білім басқармасы арқылы 3 колледж келіп жұмыс жасауда. Ағаш ұстасы, газэлектр дәнекерлеушісі, тігінші сияқты мамандық алады. Соған ынтасы бар азаматтарды арнайы оқытамыз. Былтыр арнайы келісім бойынша аталған үш мамандықтың әрқайсысына 25 сотталушыдан келді. Сонда 75 адам кәсіптік білім алып отыр. Биыл бұрын оқымаған 75 адам оқиды. Оларға стипендия да беріледі. Оның жартысы мемлекет не жәбірленушіге келтірген шығын үшін өтеліп, қалғанын өздеріне жаратады.

Естігеніміздей, мекеме ішінде тәрбиелік шаралар да жиі өтеді. Кітапхана қоры да мол. 7000 дана түрлі әдебиет тұр. Психологтар әдейі келіп, олармен жиі пікір алмасып отырады. Еңбек тәрбиесі де қарқынды жүруде. Жоғарыда айтқанымыздай, кәсіп үйреніп, қаржы табуына аталған түрме басшылығы қолдау көрсетіп отыр. Тіпті, сурет салу, ән айту, шығармашылықпен шұғылдану сияқты эстетикалық дүниелерге қатты маңыз береді. Мекемеде «Қазақфильмнің» патриоттық туындылары жиі көрсетіледі екен. Жаздық спорт алаңында дене шынықтырумен айналысып, әсіресе, футболды сүйіп ойнайтын сотталушылар көп дейді мұндағылар. Ал олардың үш мезгіл тамақ, маусымдық киіммен қамтылатыны бұрыннан белгілі.

Кез келген ортада тәртіпсіздік болады. Түрмеде де солай. Сол сияқты оған қолданатын жаза түрлері де өзгеріп отырады. Қандай да бір құқық бұзушылық орын алып, сотталушы оны қайталай беретін болса, өтеуі де күшейіп, жазасы да тым ауырлай бермек. Заң шеңберінде ғана орындалады мұның бәрі.

Айтпақшы, сол түрме деген мекеме сотталғанды түзейді дегенмен де сол жақтан келген тентектің қосымша тәрбиесіне өз ортасы, ағайын-туысы, жергілікті халық пен билік те үлес қосса керек. Бірақ біз арнайы барған ЗК-169/5 мекемесі абақтыдан шыққан әр адамның қайта оралмауына осылай күш салып отыр.

Суреттерді түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ



ЖОЛТАЙ ӘЛМАШҰЛЫ – 65

Уақыт бәрін әділ таразылайды

«Мен 70 жыл жасадым. Бұл 600 мың сағат екен. Оның 200 мыңы ұйқыға, 100 мыңы тамақтануға, ал 200 мыңы оқып, білім алуға, жұмыс істеп ақша табуға кетті. 60 мың сағат жол үстінде, 40 мың сағат жеке игілік-қажетіме жұмсалды» деген екен философ В.Фуллер. Ал бір жылда 8800 сағат болатынын қаперге алатын болсаңыз, қай-қайсыңызда дүниеге келгеннен бергі уақыт аралығында өзіңіздің не бітіргеніңізді немесе босқа уақыт өткізген кездеріңізді шамалай аласыз. Шынында, уақыт деген қандай құдіретті.

Ақ қағазды алып, қолыма қалам ұстағанда осы бір ойлардың басыма келе қалғаны. Оған себеп: Сыр елінің перзенті, жазушы, драматург Жолтай Әлмашұлының шығармашылығына көз жүгірткенім. «Біздің команда», «Күн тәртібі» атты балаларға арналған шағын кітапшаларын студент кезінде-ақ өз оқырмандарына ұсынып үлгерген оның әлгі уақыт деген құндылықтың қадірін жастай сезінгеніне иланасың. ҚазГУ-ды бітірген соң комсомол жұмысына араласты. Жастар ұйымының қазанында қайнап өсіп, жетілген біз мұндағы шаруалардың шашетектен екендігінен хабарымыз бар. Күн сайын бір шара, қаптаған жиналыс, семинар.., оған қоса хаттамалар мен жоғарыға жолданатын есептер. Бұл жергілікті жердегі гәп. Ал Жолтай Әлмашұлы Жұмат қызмет еткен Қызылорда облыстық комсомол комитетіндегі жұмыстар мұнан анағұрлым ауқымды. Жоғарыдан да, төменнен де қадағалау басым. Сол нөпірдің ортасында болашағынан үміт күттірер деп саналған талантты жастар жүрер еді. Соның бірі – Қасиетті Қаратаудың етегіндегі Қыраш атты ауылда өскен, жастайынан үлкен үміт пен сенім арқалаған осы Жолтай! Әлгі алашапқынның ара-арасында жұмыс орнына оралады. Қашанда жылы жымиып, сабырлы қалпынан айнымайтын жас жігіт алдына келген адаммен әңгімелесе отырып, өз шаруасын да дөңгелентіп отырар еді. Талант сан қырлы деген осы шығар. Жастар одағында шыңдалған қаламгер 1985-1988 жылдары облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде еңбек етті. Аптасына бес рет жарық көретін басылымда өндіре жазды. Күнделікті хабар-ошардан басқа көркемдік деңгейі жоғары көлдей-көлдей очерктері апта сайын сартылдап жарық көріп жататын-ды. Оның әлгіндей әсерлі жазбаларынан қатар жүрген замандастарыңды өзге қырынан танып, құрметің арта түсер еді. Өзіңнің де өнегелі жандарға ұқсағың келіп, адал бейнетіңмен елге, адамға қызмет жасауға ұмтылар едің. Әне, адамға жақын. ұтымды идеологияның қадір-қасиеті! Аймақтың аға басылымы арқылы жас журналист өзінің ерен қабілетімен елге осылайша ерте танылды.

Жазушының Алаш қайраткерлері туралы жазған деректі хикаяттары – «Сұлтанбек Қожанов», «Нәзір Төреқұлов», «Садықбек Сапарбеков» ғылыми ортадан да жоғары баға алды. Ұлтжанды азаматтардың еңсесін биіктетіп, рухын көтерді.

– Өткен сенбіде ауылға мәртебелі қонақ келді! – деп қуана хабарлады ауылымыздың көпшіл қариясы Қуанышбай бірде. – Ол Жолтай Әлмашұлы деген жазушығалым! Бірге болғаныңда тіптен жарасар еді. Біздің Нәзір Төреқұлов көкеміз туралы зерттеп, кітап шығаруға ниеттеніп жүр екен. Өзі де көп біледі, біз де біраз естігенімізді айттық. Сонау сұрапыл жылдары халық жауы деп атаусыз бара жатқан тұлғаны қайта ортамызға оралтқан қаламгерге құрметіміз зор.

Бұл сонау тоқсаныншы жылдардың бел ортасындағы оқиғалар. Онда біздің бүгінгі кейіпкеріміздің қырықтың қырқасына енді ілінген қыран кезі.

Нәзір Төреқұлов 1892 жылы қазіргі Жаңақорған ауданы Қандөз ауылында туған. Отыз жетінші жылғы сталиндік репрессия құрбандарының бірі.

«Қиын да қатерлі жылдарда жанын шүберекке түйе жүріп, туған халқының азат келешегі үшін күресті. Әдебиетші – ғалым, ағартушы ретінде көп іс тындырып, ұрпағына өшпес құнды мұралар қалдырған. 1928 жылы небәрі 36 жасында ол Хиджаздағы (Сауд Арабиясы) КСРО-ның өкілетті уәкілі болып тағайындалды. Ол кезде мұндай жауапты қызметке жас адамның тағайындалуы дипломотиялық тәжірибеде өте сирек кездесетін. Араға екі жыл салып, Нәзір Төреқұлов КСРО-дағы тұңғыш қазақ елшісі атанды. Жаңадан іргесі қаланып, әлемді тек мұнайымен ғана емес, рухани байлығымен аузына қаратқан Сауд Арабиясына КСРО-ның елшісі болу қарапайым кезекті қызметке тағайындалу емес еді. Бұл елге елші таңдаудың өзі үлкен саясаттың жемісі болатын. Тағайындау алдында мұсылмандығы, қабілеті, білім дәрежесі, қазақ халқының өкілі екендігі – бәрі-бәрі ескерілген. Оның үстіне Түркістан Автономиясында оқып, білім алғаны, қызмет істегені еске алынды. Осылай ол алып империяның өкілі ретінде шетелде 8 жыл бойы қайраткерлік көрсетті» деп жазады автор.

Жазушы онан кейінгі жылдары «Найзашын», «Қызыр қойған Түркістан», «Қасиетті мекендегі қала», «Пенде мен періште», «Жеті жебе», «Ел мен елес», «Тоғыз тұңғиық», «Әуезов және Майлин», «Әбу Насыр Фараби», «Абыз Ахмет Иассауи», «Зов свободы», «Терзание души», «Вечная элегия» секілді әңгімелер мен хикаяттар, тарихи эсселер кітаптарын оқырман қауымға ұсынды. Аса көп зерттеу мен зерделеуді қажет ететін осындай қалың да қатпарлы дүниелерді қалай жазып үлгерген десеңізші!

«Адамның бар байлығы – уақыт! Әркімнің әр күнін, сағатын, минутын қалай, қаншалық жемісті, мағыналымазмұнды өткізгеніне, пайдаланғанына қарап, оның қалай өмір сүргенін, қандай адам, азамат екенін білуге, бағалауға болады» дейді Камал Смайлов. Мінеки, біздің жоғарыда келтірген аздаған деректеріміз әңгіменің кім туралы болып отырғандығын аңғартса керек.

Жолтай Әлмашұлының бертінде «Кең де тар дүние» трилогиясы «Күлкі мен көз жасы», «Оянған ұрпақ», «Ұмытылған ұрпақ», «Ащы да тәтті өмір» сынды романдары және 50-ге тарта драмалық шығармалары (олардың көпшілігі театрларда сахналанды), «Жизнь горькая и сладкая» атты қысқа романдар топтамасы орысша Москвада (Художественная литература, 2020), түрікше Түркияда (Бенгю, 2021) жеке кітап болып басылып шықты.

«Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары болып қызмет атқарған марқұм Оразбек Мақсұтұлы әзілдеп сөйлеуді ұнататын зерек жігіт еді. 2004 жылдың күзі болуы керек, осы басылымда оңтүстік аудандар бойынша меншікті тілші қызметін атқаратын мені кабинетіне шақырып:

– Сізге Астанадан сәлемдеме бар! – деді қуақыланып. Сөйтті де үстел тартпасынан бір кітап алып ұсынды. Бұл Жөкеңнің «Күлкі мен көз жасы» атты кітабы екен. Рас, бұл құнды сыйлық еді. Мына нарықтық қатынас дегеніңіз өмірімізге дендеп енбей тұрғанда кітап сыйлау деген өте жоғары құрмет болатын. Оразбек сыйлаған сол кітапты папкіме салып алып, біршама уақыт серік еттім-ау. Ол кездері аудан мен аудан, аудан мен қала арасында қазіргідей жалтыраған жол, зырғыған көлік кем, сондықтан үнемі жол үстінде болатын меншікті тілшіңіз «Тоқылдақ» аталатын екі вагонның бірінде сапар шегіп жүргені. Қарайған бағанаға тоқтай салатын көңілшек пойыз үстінде кітап, газет оқу деген жол қысқартудың таптырмас амалы. Міне, «Күлкі мен көз жасы» кітабы маған осылайша серік болған еді.

Романдағы оқиғалар негізінен Сыр еліндегі Жаңақорған жерінде ғұмыр сүрген аға ұрпақтың басынан өткен қиыншылықтарды баяндайды. Кешегі кәнпіске кезінде шаруалардың қолдағы бар малын тартып алғаннан кейін, амалдың жоқтығынан шетке қашады. Сырдариядан өтіп, Өзбекстанға, одан әрі Тәжікстан, Түркіменстанға барып, Ауғаныстан шекарасына табан тірейді. Осы жолда адам айтқысыз, жантүршігерлік зобаланды, нешелеген қиыншылықтарды көреді. Оқиғалар бас кейіпкер Нарша арқылы өрбиді. «Байлық жолы бұралаң еді, бірақ ол қанша бұраланды болса да, бұл жолдан еш айнымаған. Әкеден қалған дүниені екі еселеді, екі есені төрт еселеді. Қысқасы, жәй Нарша қырықтың үстіне көтерілгенде осы аймаққа бай Нарша болып танылды» дейді. Балажан ишан, Барақ, Жетес, Берден, Бүкір-Шүкір, тағы басқалар сол кезеңдегі жайттарды аша түседі.

«Әдебиетке әп деп келгеннен бері саналы ғұмырымды арнаған, зерттеп, зерделеп жазған үш романым бар. Трилогия деп те айтуға болады. Оның біріншісі – «Күлкі мен көз жасы», екіншісі – «Оянған ұрпақ», үшіншісі – «Ұмытылған ұрпақ», – дейді автор.

Тағы бір сұхбатында жазушы былай деді: «Бүгінде әдеби жанр мәселесі жүректі ауыртатын өкінішті жағдайға келіп тірелгендей. Әдеби жанрға мән бермейтін болдық. Мәселен, көркем әдебиетті құлып деп санасақ, оны ашудың алтын кілті – жанр. Демек, әдебиеттің есігін ашу үшін кілт қажет. Жанр – көркем әдебиеттің кілті. Бұл – атам заманнан жалғасқан үрдіс. Әрине, оның ішінде автордың жеке әлемі бөлек. Мысалы, сіз әңгіме немесе новелла жаздыңыз. Егер сіз оның жанрын толық білмесеңіз, жазылған шығарма қойыртпаққа айналады. Өйткені жанрлық ерекшелік сақталған жоқ. Қазір жанрлық тепе-теңдікті, шектеулі көркемдікті бұзып алдық... Әдебиеттің киелі төрін аттағымыз келеді, бірақ оның «құлыбын» бұзып ашқымыз келеді. Қасиетті сөз өнеріне әдеп, инабатты жолмен келмегеннен кейін, идея, образ, шығарманың сөлі дегенді түсіне бермегендіктен, оның шарттылығы бұзылып, көркемдігі кемиді. Мен осыдан қорқамын». Осы пікірді оқи отыра менің де ойыма сонау 1988 жылдың көктемінің орала кеткені. Аудандарда іріктеуден өткен түрлі әдебиет сүйер жас үміткерлер «Жігер» өнер фестиваліне қатысу үшін облыс орталығындағы Асқар Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде бас қосты. Қазылар қатарында облыстық газеттің журналисі, жас жазушы Жолтай Әлмашұлы да отырды. Сахна төріндегі «Жігер» фестивалі» деген көрнекілік «Жигер» деп орыс тілінде жазылыпты. Сол кездері жетпіс жыл бойы тойланбаған Наурыз мерекесінің қайта қолға алынған, қазақ тіліне мән беріле бастаған жылы өкпектің соққан кезі еді. Қандастарымыз бір жақсылықтың себезгілегеніне қуанышты, қазақтығымызды мақтаныш тұтатын алдағы үмітке рухтанған шақ болатын-ды. Әлгі қиқар жазу маған да, басқаларға да ерсі көрінді. Сонан соң «Бұ қалай?» дегенді меңзеп, Жөкеңе тілімдей қағазға бір шумақ әзіл өлең жазып жібердім. Іле-шала одан жауап келді. Былай деп жазыпты:

«Бұл өзі басталған-ау
тым әріден,
Нақ осыған сен де, мен де
кінәлі емен.
Бір шалағай азамат
тура айтпай,
Шамасы, «Жігер» демей,
«Жигер» деген.

Әзілінді мен-дағы
ұғып едім.
Бұл қырсықтың таба
алмаспыз бүгін емін.
Уақыт әділ қазы, өзі емші,
Тек қана уақытқа
жүгінемін».

Бұл шумақтар 1988 жылды 8-сәуірінде жазылған еді. Өткен жылы қойын кітапшамның арасынан тауып алып, өз мұрағатымда сақтап жүрмін. Бұл күндері пайғамбар жасынан асып, талайға танымал болған, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, «Түркістан қаласының құрметті азаматы» халықаралық «РОМАН&ДРАМА» әдеби журналының бас редакторы әрі құрылтайшысы, жазушы Жолтай Әлмашұлының өміршең шығармалары әлемдік деңгейде бағаланар деп ойлаймын. Әрине, оны өзі айтқандай уақыт көрсетеді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Ақпарат саласының
үздігі

Жүрек жазбаларым

«Қараөзекке» қар жаумай ма?

Еркін Әбіл – Сыр журналистикасының ардагері, бірнеше кітаптың авторы. Ол республикалық «Егемен Қазақстан», облыстық «Сыр бойы» және бірнеше аудандық басылымдарда қызмет атқарған. Оның қаламынан туған дүниелер туған жердің, абзал жандардың, қимас достарының өмірі мен өнегесіне арналған.

Қаламгерге өзі туған Арал ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Біз бүгін оның жүректегі жазбаларын оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Кезіндегі Тереңөзек аудандық «Еңбек туы» газетінде әдеби қызметкер (тілші) болып еңбек жолымды бастағанмын. Қоңыр күздің бір күні еді. Қыр астында қытымыр қыс тұр. Қой шаруашылығының қыс айларына әзірлігін сарапқа салу үшін жұмысқа қабылданған күннің ертеңіне редактор Ізхан Досмағанбетов «Қараөзек» қаракөл қой совхозына іссапарға жіберді.

«Қаракөл» қой совхозы бастауыш партия ұйымының хатшысы әкемнің туған інісі Әбжәми Сұлтангереев ағам болатын. Іссапарға келген мені ағам құшақ жая қарсы алып, «ГАЗ-69» қызметтік автокөлігін астыма өңгертіп жіберді. Марқұм Айдархан есімді автокөлік жүргізуші екеуміз үш күн бойы барлық қой фермаларын аралап, қысқа әзірлік барысына барынша қанықтық. Көптеген қой қоралары мен шопан үйлерінің жөндеуден өтпегенін, жемшөптің де жеткіліксіз екенін өз көзімізбен көріп, көңілге түйіп қайтқанбыз.

Ұзын сөздің қысқасы сол, ертеңіне «Еңбек туы» газетінде «Қараөзекке қар жаумай ма?» деген көлемді сын мақалам бұрқ етіп шықпасы бар ма?! Өздеріңізге мәлім, ол кезде коммунистік партияның дүркіреп тұрған шағы. Газетте сын мақала шықты екен, іле-шала аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде қаралатын. Ол кезде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы талапшыл да турашыл Қонысбек Қазантаев болатын.

...Бюро мәжілісі өтіп жатыр. Жоғарыда айтқан Әбжәми ағам да бюро мүшесі болатын. «Әттеген-ай, бекер жазған екенмін» деген ой тұманында салым суға кетіп мен отырмын. Ал, бюро мүшелерінің талқы таразысына түскен совхоз директоры Зинадин Мыңбаев пен бастауыш партия ұйымының хатшысы Әбжәми Сұлтангереевтің ұнжырғалары түсіп, түрегеліп тұр. Жарыса сөйлеген бюро мүшелері оларды жерден алып, жерге салды. Тоқетері сол, совхоз директоры З.Мыңбаевқа қатаң сөгіс, ал ағам Ә.Сұлтангереевке сөгіс берілді.

«Қалам ұшымен ағамның жүрегіне жара салдым-ау» деген оймен қатты қапаланған мен бюро отырысынан соң ағамның алдында басымды иіп тұрып кешірім өтіндім. Сонда ағам:

– Інім-ау, «Бірге тусақ та бірге жүрмек жоқ» деп атам қазақ бекер айтпаған. Жұмысың ғой, қайта дұрыс жазыпсың. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, бұл бізге сабақ болды. Рахмет, айналайын, ойың өткір, қаламың ұшқыр болсын, – деді де жылы жымиыспен жауырынымнан қағып еді-ау. Аға алақанының табы тұла бойымды әлі күнге дейін жылытып тұр.

Айтпағым, «Тура биде туған жоқ» деп атам қазақ айтқандай, еліміздің ертеңі үшін еңбек етіп, ақ жолдан адаспай жүріп ғұмыр кешкен осындай азаматтардың өмір жолдарынан өнеге алайық, ағайын.

«Мені жырау дейсің бе?»

Бірде Қонекең Қазантаев аудандық газет редакторының орынбасары Болатбек Аманбаев екеумізді шақырыпты. Бардық. Амандық-саулықтан соң:

– Сендерге тапсырма, бүгінде отбасы, ошақ қасында отырған нәзік жандар жетерлік. Оларды жұмысқа тартуымыз керек. Содан да жақында жұмыссыз әйелдердің аудандық кеңесін өткізгелі отырмыз. Соған байланысты менің сөйлейтін сөзімді дұрыстап дайындандар, – деп тапсырды.

Болатбек аға екеуміз күн-түн көз ілмей дайындайық келіп. Әңгімені «О, аналар, осындайсың бәрің де, жасыңдағы кәрің де» деген жыр жолдарымен бастап, келе-келе көсіліп бір бердік. Тіпті, орыстың ұлы жазушысы Максим Горькийдің аналар жайлы толғанысына да орын тиді. Әйел-аналар жайлы жазбаларымызды 20 парақ қағазға түсіріп, Қонекеңе бардық. Әйелдер кеңесі ертесіне өтетін.

Ат шаптырым бөлмедегі үстел басында Қонекең, кіреберіс жиегінде біз отырмыз. Көзәйнегінің үстімен жазбаға тесіле қараған Қонекең бірінші беттен бір-екі сөйлем оқыған болар, екінші бетіне ауысты. Мұны да жедел парақтап, үшінші бетке. Мен Бөкеңе, Болатбек аға аң-таң күйде маған қарайды.

Бір кезде... О, Алла... Құй сенерсіздер, құй сенбессіздер, шашылған 20 парақ жазбамыз үстел үстімен жарыса сырғып, бізге қарай келе жатты. Еденге шашылып түскен жазбамызды тоңқаңдап жинап жүрміз.

Қонекең:

– Мені жырау дейсіндер ме? Барыңдар, әйда, өзім айтармын, – демесі бар ма?

Еңсеміз түсіп, есеңгіреп сыртқа шықтық. Содан Бөкең:

– Айттым ғой, біз бекер бұлбұлша сайрап кеткенбіз. Қонекең нақты деректі ғана тілге тиек ететін. Ертеңгі әйелдер кеңесіне барайық, сонда көреміз қызықты, – деген.

Ертеңіне бардық. Аудандық мәдениет үйінің ішінде ине шаншар жер жоқ. Мінбеге көтерілген Қонекең әңгімесін төгіп жатыр.

– Дұрыс. Үй тіршілігі, бала тәрбиесі сіздердің мойындарыңызда. Десе де отбасы, ошақ қасында отырып қалу жараспайды. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп атам қазақ тектен-тек айтпаса керек. Ендеше, қолдарыңыз қалт еткенде неге еңбек етпеске? Қараңыздаршы, орталарыңызда темір тұлпарлардың құлағында ойнап жүрген комбайнерлер мен тракторшылар, дарабоз диқандар мен балды бармақ сауыншылар бар ғой. Осылардың өмір жолдарынан неге өнеге алмасқа? Әйел-аналар мен бойжеткен қызғалдақтар, ойланыңыздар, – деген Қонекеңнің түйінді сөзін залды кернеген қол шапалақ көмкеріп тастады.

Ұмытпасам, сол 1970-1980 жылдары Тереңөзек ауданында «10 қыз» атты күрішші және сауыншы қыздар бригадасы жасақталып, нәзік жандар да қол еңбегіне құлшына кіріскен болатын. Бертін келе комбайн мен трактор тізгінін ұстағандар де көбейе бастады. Нақтылай айтар болсам, күрішші арулар, Социалистік Еңбек Ері Балдырған Мұстафаева, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаттары Бексұлу Синаева мен Райкүл Жалғасбаева, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Алтынай Адаева, «К-700» тракторының тізгінін ұстаған Рысты Өкшебаева, «Ленин» орденді сауыншы Сәуле Өмірзақова, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері, шопан Баһаркүл Қордабаева Қонысбек Қазантаевтың үндеуімен еңбек рахатына бөленіп, халық құрметіне кенелді.

Қонекеңді артында өлмейтұғын із қалдырған азамат еді деп қалай ғана айтпасқа?

Несібелі РАХМЕТ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

ТӘРБИЕ

Айдостың әжесі қиын да қызық кісі. Ескертуі таусылмайды. Ананы үйтпе, мынаны бүйтпе. Ана затты үйтіп қойыпсың, мына нәрсені бүйтіп тастапсың. Бұлай етуге болмайды.

– Неге болмайды? – дейді Айдос ондайда түк түсінбей.

– Болмайды дегесін болмайды! Айтқанды істе, қасарыса бермей, – дейді әжесі өз сөзінен қайтпай.

Ал бүгінгісі тіптен жөнсіз болды. Бір кесе қайнаған суды іше салып, далаға ойнауға кетіп бара жатқан. Крассовкасының бауын байлап бола бергені сол еді, ас үйден әжесінің:

– Айдос, әй Айдос, бері кел, мынауың не? – деген қатқыл даусы шықты.

– О не, әже, мен далаға кетіп бара жатырмын.

– Жоқ, кетпейсің, кел бері!

– Қойшы, әже, келгесін айтарсыз. Мен аяғымды киіп қойдым.

Бұл есікті ашамын дегенше әжесі жанына жетіп келді де қолынан ұстай алды.

– Шеш мрасопкіңді!

– Мрасопкі емес, крассовка ғой, әже.

– Мейлі итсопкі болса да, жүр қане!

Әжесі қолынан жетектеп, дедектетіп асханаға алып келді. Жанжағына қарап еді, бүлінген ештеңе жоқ. Заттардың бәрі орны-орнында тұр. Сонда неге айқайлап жүр?

– Мынауың не? – деді әжесі шүмегі таңқиып тұрған топ-томпақ сары шәйнекті қолымен нұсқап.

– Оған не болды? Мен жаңа су іштім, басқа ештеңе істеген жоқпын.

– Қалай қойып кеткеніңді көрдің бе?

– Қайтып қойыппын? Орнында тұр ғой.

– Шүмегін міне, міне, бері қаратып қойғаныңды көріп тұрсың ба?

– Түк түсінбедім, бері қараса неғылады?

– Көзіңе кіреді. Көзіңді ағызып жібереді.

– Қалай кіреді, шкафтың үстінде тұрған шүмек?

– Әй, шкафты ашайын деп еңкеймейсің бе, сосын тұра бергеніңде көзіңе кіреді де кетеді.

– Ту-у, әже, олай болмайды ғой.

– Неге болмайды, осы жап-жаңа менің көзіме кіріп кете жаздады. Қайта Құдай сақтап қалды.

– О-о-ой, әже, сіз де айтасыз-ау.

– Солай, ылғи ескертем саған, құманның шүмегін бері қаратып қойма деймін. Өмірі бір айтқанды істемейсің, ақпақұлақ!

Айдостың денесі түршікті. Жыны келіп кетті. Бойын ыза буды. Ызаланғаны сонша, тамағына өксік тығылып, көзінен бырт етіп жас шығып кетті. Саусағының ұшымен көзін сипаған ол не істерін білмей сәл тұрды да бөлмесіне қарай бұрылды. Енді оның сыртқа шыққысы да, ойнағысы да келмей қалды. «Балдардан ұят болды-ау, – деп ойлады төсегіне тақай беріп. – Бүгін арғы көшенің аулаішілік командасымен доп ойнайтын еді. Қап... Жарайды, бұның орнына қосалқы топтағы Жасұланды немесе Мақсатты қорғаушы қылар.» Қайтеді енді, жаман ренжіді. Өзінің әдеті, біреуге қатты өкпелесе болды, ештеңеге зауқы соқпай қалады. Ешнәрсеге қолы бармайды. Сосын бұған қанша жалын, қанша жерден айт, үгітте, бәрібір. Барлық нәрсе мәнін жоғалтады. Былайынша айтқанда дүниенің бәрі бір тиын. Қашан реніші тарқап, өкпесі жазылғанша селт етпейді, ешқандай сөз әсер етпейді. Сыртта жүргенде көңіліне қаяу түссе достары мен сыныптастарының ешқайсысымен сөйлеспей, бөлектеніп кетеді. Ал үйде бар тірлігін қоя салып бөлмесіне кіреді де, тоң-теріс боп жатып алады.

– Әй, сенің осы бір жаман мінезің-ай, – дейді әжесі ондайда қасына бір келіп, бір кетіп, кіріп-шығып жүріп. – Ашуланса болды үндемей, тас метін болып қаласың. Мен сөйлесем саған не нәрсенің де жөнін айтам. Жақсы болсын деймін. Басыңнан бір тал шаш түспесе екен деймін. Қане, құлыным, тұра ғой енді, тұра ғой, әдемілеп шәй дайындап қойдым. Ішіп алайық.

Жоқ, бұл оңайлықпен тұра қоймайды. Неге тұрады? Ренжіткен өзі емес пе? Мінезің жаман дейді. Өзінікі жақсыдай-ақ. Егер жақсы болса, болмашы нәрсеге ұрыспас еді ғой. «Шанышқының ұшын жоғары қаратып шошайтып қойыпсың, пышақтың жүзін бері қаратып қойыпсың, ол адамның көзіне кіреді, қолын кеседі. Судың шүмегін қисайтып тастапсың, терезенің пердесін дұрыс жаппапсың, есікті дұрыс кілттемепсің, жуынатын жерді жөндеп сүртпепсің, ана бөлменің жарығын өшірмепсің...» Қойшы әйтеуір, мың сан ескертуі таусылмайды.

Осындай кездері Айдос үйден қашып кеткісі келеді. Қайтсін енді. Құлағы әбден жауыр болады. Бұның істеген ісінің көбі әжесіне ұнамайды. Қыл аяғы еденді жуып болғасын төсеніштерді қағып-сілкіп орнына төсегенде әжесі келеді де:

– Ой-бүу, мынаны дұрыс төсемепсің ғой, басын аяғына, аяғын басына келтіріп қойыпсың, бұлай болмайды, – деп оларды дереу аударыстыра бастайды.

Ал Айдостың көрпешелер мен жастықтарды жинағаны мүлдем іске алғысыз болады.

– Немене мынау, болбырап-солбырап, ыбырсып тұрғаны, адам өйстіп те жинай ма екен?

Әжесі осылай дейді де, әп-әдемі болып тұрған көрпеше, жастықтарды лақтырып-лақтырып жібереді. Сосын біртіндеп алып бүктеп, әр көрпешені қойған сайын қолымен қайта-қайта сипап, тақтап, кірпіш қалағандай түптүзу етіп жинап шығады. Жастықтардың ұшын овчарка иттің құлағы сияқтандырып едірейтіп қояды. Рас, қанша тырысса да бұл дәл бүйтіп жинай алмайды. Содан да күн сайын ұрыс естиді.

Иә, кей-кейде Айдос үйден қашып кеткісі келеді. Бірақ қаша алмайды. Бір-екі рет кетіп қалып та көрген. Әкесі мен апасының үйіне. Бірақ одан не пайда? Артынша, жарты сағат өтпей-ақ әжесі жетіп барды. Барды да, әкесіне бассалды.

– Иә, бала сенікі екен ғой, білдік, бауырыңа басып, рахаттанып жатсың ба? Мен отырмын ана жақта қайда кетті деп қан сиып. Ашуы жаман неме бірдеңеге ұрынып қала ма деп зәрем ұшты. Осында келгеннен кейін емешегің үзіліп иіскей бермей, әжеңе бар деп дереу қайтармайсың ба?

– Апа-ау, не деп тұрсыз, иіскегеніңіз не? Менің жұмыстан келгенім осы. Кіргенім жаңа. Міне, әлі шешініп те үлгірген жоқпын. Үйде кім бар, кім жоғын да білмеймін. Айдос келіп пе еді?

– Келмесе мен неге кеппін. Отыр ғой анау, шешесімен шай ішіп. Әй, қатын, сенікі не? Баланы неге дереу қайтарып жібермейсің? Сонша өбектеп. Емізейін деп пе едің?

– Апа, қазір шайын ішіп болысымен өзім де солай етейін деп, үйіңе бара ғой дейін деп отырғанмын.

– Немене, біздің үйде шай жоқ деп естідің бе?

– Жо-о-оқ, олай емес, апа, енді... былай...келіп қалғасын...

– Әй, көп сөзді қой. Кәне, Айдос, жүр! Түс алдыма!

Екі ортада түк жазығы жоқ әкесі мен апасы сөз естіді. Оларға жаны ашып әрі қатты ұялғаннан бұл ләм деместен әжесінің соңына еріп жүре берді.

Ал тағы бір рет сөйтіп, сол үйге барғанда әкесі отырғызбады. Бұл есіктен кіргеннен-ақ:

– Әжең қайда? – деді үрпиіп.

– Үйде! Мен әжеме ашуланып келдім. Бүгін осында қонам!

– Ойбай, жоқ! Айдосжан, айналайын, дереу қайт! Әжеңе несіне ренжисің. Үлкейген адам ғой. Ол кісінің сөзін елең қылма. Кешіре сал. Бұл үйге бір өзің келме. Әжеңмен бірге келші. Өткенде көрдің ғой. Келеді де шаңымызды қағады. Болмаса жүр, мен таксимен апарып тастайын.

– Керегі жоқ, өзім-ақ барам!

– Сөйте қойшы, балам. Ойбу, балам деппін ғой. Аузыма қайдан түсті, атаңанәлет. Сен әжеңе айтып қойып жүрме. Ешқайда бұрылмай бірден үйіңе бар. Әйтпесе іздеп келеді. Жаны қалмай отырған шығар әжеңнің де. Негізі әжең жаман адам емес. Сені қатты жақсы көреді. Сосын да бізден қызғанады. Сен де оны түсінуге тырыс. Үлкен адам болғасын сөйлейді. Оның бәрін сен көңіліңе алып, ашулана берме. Жарай ма, балам? Ойбай, тағы балам деп қойыппын-ау. Не болды-ей, маған. Сен менің емес, әжеңнің баласысың ғой, әжеңнің! Соны айтайын дегенім ғой...

Бұның күлкісі келді. Бір жағынан сасқалақтап шыр-шыр еткен әкесін аяп кетті. Амал жоқ, келген ізімен кері қайтты.

***

Айдостың бүгінгі қатты ренжіген себебі – «ақпақұлақ» деген сөз. Адамға түрпідей тиетін, ыңғайсыз естілетін осы бір сөзді бұл жаман жек көреді. Кейбір балалардың құлағынан исі мөңкіп, былжырап бұлақ ағады ғой. Осы сөз дәл сол сияқты. Сондай кәпір. Естігенде тұлабойы түршігеді. Жиіркенеді. Әрбірдесін құсып жібере жаздайды.

– Әже, маған неге ақпақұлақ дейсіз? Менің құлағымнан ештеңе ақпайды ғой. Міне қараңыз. Құлағым тап-таза. Мен үнемі тазалап, жуып жүремін, – деген осы сөзді әуелі естіген кездері.

– Жо-о-оқ. Ақпақұлақ деп құлағынан бұлақ ағатындарды айтпайды. Құдай сақтасын. Сенің ондайың жоқ. Ақпақұлақ деген сөз естігені бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығып кететінді, яғни айтқаныңды айтқан жерде қалдыратынды білдіреді. Ондай адамдар ескерткен нәрсеңді мына сен сияқты көбіне жадында ұстамайды.

– А-а. Ұмытшақ десеңізші.

– Иә, ұмытшақ, нағыз ұмытшақ. Содан да ол ақпақұлақ!

– Әже, бір өтініш айтсам орындайсыз ба?

– Айта ғой, құлыным. Сенің өтінішіңді орындамағанда кімнің өтінішін орындайын.

– Онда маған енді ақпақұлақ деп айтпаңызшы!

– А?

Әжесі немересіне таңғала қарады. Сосын басынан сипап, құшағына қысып, бетінен сүйді де:

– Жарайды, құлыным. Көңіліңе ауыр алып қалдың ба? Айтпа десең екінші айтпай-ақ қояйын. Менде қайбір ес қалды дейсің. Миым атала боп, алжиын дегенмін ғой.

Содан Айдос біраз уақыт осы бір жексұрын сөзді естімей кеткен. Осы соңғы кездері әжесі бұны қайтадан «ақпақұлақ» қылып жүр. Бұл қорлыққа қашанғы шыдауға болады?! Рас, аздап ұмытшақтығы бар. Кейде былай қой деген затты басқаша қылып қояды. Сырттан қайтарда дүкеннен бір нәрсе ала кел десе тарс есінен шығып кетіп, қайта барып жүреді. Әсіресе дастарханға отырғанда осы сөз көп айтылады. Ас үйден пышақты әкел десе, бұл қасықты апарып қояды. «Ой-бу, қызыл бұрышты ұмытып кетіппін» десе, қара бұрышты ұсынып тұрады. Бұның бәрін әдейі істемейді, әрине. Ойланып жүріп дұрыс естімей қалады, кейде жөнді тыңдамағаннан болады. Мұндай кездері «ақпақұлақпен» қоса Серғазы деген баланың аты аталады:

– Біздің кластағы Серғазы айтқанды өмірі дұрыс орындамайтынтұғын. Қаншама бала үйреткен сабағыңды бірден ұғып алып, бірінен соң бірі қол көтеріп, таласа-тармаса тақтаға шығып, жарыса айтып жатқанда ол меңіреу құсап отыратын. Сұрасаң басқа бір нәрсені айтып кететін. Міне сен сол Серғазыдан айнымайсың!

«Осы Серғазы сор болды-ау» деп ойлайды бұл құлағын әбден жауыр, жүрегін мезі еткен әңгімені кезекті рет естігенде.

– Серғазы қайда қазір? Ақыры дұрыс адам болмады ма? – дейді және әжесінің көңілін аулайын деген оймен тыныш отырмай.

– Ол Астанада тұрады. Университет бітірген. Үш баласы бар, – дейді әжесі мақтанышпен.

– Онда жаман жігіт болмағаны ғой?

– Иә, жақсы, жақсы болып кетті.

– Серғазыға ұқсасам кейін мен де жаман болмайды екенмін, ә?

– Әрине жаман болмайсың. Сен менің балам емессің бе? Ал менің баламның жақсы, отлично болмауға құқы жоқ. Осыны ұмытпа! Мен тәрбиелеп, білім берген шәкірттердің ешқайсысы жаман болған жоқ. Бәрі де өмірден өз орындарын тауып, дүниенің бір-бір кірпіші болып қаланды. Сен де солардай болуың керек. Тіпті олардан да артық болуға тиіссің! Өйткені сені қырық үш жылдық тәжірибесі бар үлкен педагог мына мен – Зүбайра Керімтаева тынымсыз тәрбиелеп келемін. Бұл ешуақытта есіңнен шықпасын!

Әжесі зорға тоқтайды. Тәрбие тақырыбына келгенде «жанып» кетеді. Арқаланып, құлшынып, екпіндеп-екпіндеп сөйлейді. Жалықпай, ұйықтап қалмай тыңдай берсең жыраулар секілді таңды таңға ұрып «жырлауға» бар. Ал осы турасында үнемі айтып отыратындықтан Айдос ол әңгімелердің біразын біледі, жаттап алған.

Негізі мәселенің бәрі осы «тәрбиеге» байланысты туындайды. Себебі, өзі айтатындай, әжесі ұза-а-ақ жыл мектепте мұғалім болған. Қатардағы, жәй ғана мұғалім емес, есімі елге мәлім озат ұстаз атанған. Есепті шемішкеше шағатын мықты математик! Соған сәйкес бұл кісіден оқып, тәрбие алғандардың басым бөлігі білімді болып, жоғары оқу орындарына түскен. Бұл орайда әжесі де мақтанады, немересі Айдос одан да бетер мақтанады. Бірақ...бірақ әлгі тәрбие жағы қиындау. Иә, сүйікті әжесімен бір шаңырақтың астында тұратын Айдосқа оңай емес. Өйткені күндіз-түні тәрбиеленеді. «Олай отырма, былай отыр. Жауырыныңды бүкірейтпе, еңсеңді тік ұста. Басыңды қатты шайқама, қатты еңкейме, мойының үзіліп кетеді. Ауыр зат көтерме, тамырың созылады. Желдеткішті ашпа, суық тиеді. Ана нәрсені неге бұлай істедің, оның түк тәрбиелік мәні жоқ». Қойшы әйтеуір, ескертулерінің шегі көрінбейді. Содан да бұл әскердегі солдат секілді. Қылп ете алмайды. Темірдей тәртіптің құлы. Белгілі бір сағатпен жүреді. Сабақтан боса да мезгілімен қайтады ғой. Ал бос кезінде бір жерге немесе ойынға шыға қойса айтқан уақытта міндетті түрде үйде болуы керек. Өйткені әжесі екі көзі төрт боп жолына қарап күтіп отырады. Тамағын ішпейді. Ең қиыны осы. Кейде қанша тырысқанымен барған жерінен бірден қайта алмай, аздап кешігеді. Ондайда тамақ суып қалады. Әжесі ашудың арғымағына мініп отырады.

– Қонбадың ба сол жаққа? Мені қайтесің? Достарың болса дүние түгел ғой саған, - дейді бұрқ-сарқ қайнап.

– Өй, балдар ғой жібермеген. Стадион жаққа барып футболистердің жаттығуларын көргенбіз. Шетелден жаңадан екі ойыншы келген. Екеуі де қап-қара, негрлер екен. Соларға қарап аузымыз ашылып қалды. Балдар әлі сонда. Мен тезірек қайттым..., дейді бұл ақталып.

– Тез қайтқаның осы ма? Тамақ баяғыда суып қалды. Қайта-қайта ысытқаннан әбден езіліп, ботқа болды.

– О-о-ой, әже, тамағыңызды іше бермейсіз бе? Маған несіне қарайсыз? Келгесін өзім ысытып жеймін ғой.

– Қалай ішем мен? Сенсіз іше алмаймын. Сенсіз тамағымнан ас өтпейді. Сен шығар бір өзің қақиып отырып соға беретін.

– О-о-ой, әже-ай...

– Бол тез, көп сөзді қой! Қолыбасыңды жу!

***

Бұлардың үйіндегі жиһаздар мен басқа да дүние-мүліктердің әр жер-әр жері жаралы адамдардай таңылып, қағаз, шүберектермен бүркемеленген. Мәселен, дивандар мен үстелдердің, орындықтардың алдыңғы аяқтары жұмсақ маталармен томпиып-томпиып қаптаулы тұр. Ас ішетін, сабақ оқитын үстелдердің төрт бұрышына төрт кардон қорап кигізіліп байланған. Шкафтардың бұрыштары мен есіктері де осылай көмкерілген. Үйге келген кісілердің таңырқап:

– Мыналарыңыз не? Неге бүйтіп бәрін таңып, байлап тастағансыз? – деп сұрамайтындары кемде-кем.

Айдос жаман ұялып төмен қарайды. Ал әжесі болса өзіне-өзі риза кейіпте түсіндіре бастайды:

– Ана дивандардың аяқтары темір, үстелдердің сирақтары ағаш болғанымен, қырлары пышақтай. Айдосжан бақайымен қағып кетіп, санын ұрып алса тіліп түседі ғой, тіліп түседі. Мына ішкаптар мен қаңқиған үстелдердің бұрыштарын бүркеп қойғасын барып жаным тынышталды. Әйтпесе құлыным бүйірін соғып, еңкейе бергенде көзін шығарып ала ма деп зәрем қалмайтын. Мұның да әдісін таптым. Ү-ү-үh, қайтейін...

Иә, әжесі өстіп мұны көрінген нәрседен қорғайды да жүреді. Жазатайым бір жерін майып қыла ма деп қорқады. Құдды бұл аяғы жаңа шыққан сәби сияқты. Сондай, енді ғана өз бетінше еркін жүре бастаған бала зыр жүгіріп дамыл таппайтын кезде бірдеңені қағып кетпесін, тізесін ұрып алмасын, отқа, суға түсіп кетпесін деп көлденең тұрған заттарды қуыс-қуысқа тығып, орап, көлегейлеп қоятын еді ғой. Ол дұрыс енді. Өйткені олар әлі бөпе, ақыл-естері кірмеген, аяғына жаңадан мінгесін жүруді, жүгіруді қызық көретін шығар. Ал бұл ше? Ер жетті емес пе? Өткенде қазақтың ұлттық салт-дәстүрі жайлы кітаптан оқып алды. Бала бірінші мүшелден кейін ер жете бастайды екен. Бұл қазір тіпті бозбала жаста. Дүрдиген ернінің үстінде үлпілдеп түбіт мұрт тебіндеп келеді. Жарасып-ақ тұр. Бет-әлпетіне жігіттік сипат береді. Айнаға қараған сайын өзін нағыз жігіттерше сезінеді. Қыздарда да көңілі жоқ емес. «В» сыныбындағы Мереймен достасып жүргеніне біраз болды. Өзі сұп-сұлу, бойы сұңғақ, сымбатты. Бұл сияқты ол да спортқа әуес. Жеңіл атлетикамен айналысады.

Сөйткенде әжесінің істеп жүргені мынау. Әп-әйдік немересін әлі бесіктегі баладай сезінеді. Рас, әжесі мұны қатты жақсы көреді. Бұл үшін жанын беруге бар. Әлгі күлкілі, адам ұялатын бүркемелердің бәрін сол себепті де ойлап табады. Таусылмайтын ескертулері мен ұрыса беретіні де, әкесі мен апасынан қызғанатыны да, адамдарға қосқысы келмейтіні де сол «сүюдің» кесірі. «Әжем мені бүйтіп жақсы көрмей-ақ қойғанда ғой, – деп ойлайды Айдос осылайша ренжіген кездерінде. Қазір де дәл сондай ой үстінде жатыр. – Анау әкесі мен апасының үйіндегі, солардың балалары Елдос пен Жандосқа рахат. Бұл кісі олардың да әжесі, бірақ ол екеуімен тіпті де шаруасы жоқ. Ал әлі бір жасқа да толмаған, топ-томпақ, сүп-сүйкімді Самалға бәрінен де рахат. Өйткені ол ештеңе білмейді. Өкпелеуді де, қуануды да, жақсы көруді де, жек көруді де білмейді. Тек апасының ақ мәмесін борпылдатып еміп, құшағында алаңсыз ұйықтаса болды.» Ой-й-й. Айдостың жүрегі біртүрлі елжіреп кетті. Сағынып кетті. Көргісі келді. Үлпектей шашынан иіскеп, топ-томпақ бетінен шөп-шөп еткізіп сүйіп-сүйіп алғысы келді. Тоқта...тоқта... Тек кішкентай Самалды ғана емес, оны құшағына алып аялап отырған адамды да сағынған сияқты... Шіркін, оларға бір барып, көріп келер ме еді... Шіркін-ай, сөйтсе ғой... Тәйт! Бұл өз ойынан өзі шошып кетті. Алақтап жан-жағына қарады. Ұрлық жасаған секілді. «Әжем сезіп қоймады ма екен әйтеуір?» Қорыққаннан маңдайынан суық тер бұрқ ете қалды. «Сезбесе екен, білмесе екен, әжесінің айтуынша бұның түк тәрбиелік мәні жоқ, тәртіпсіз ойларын сезіп қалмаса екен». Сасқанынан үнемі ренжігенде, қысылғанда «Енді не істеймін? Қалай қылсам дұрыс болады? Қандай ақыл бересіз?» – деп «көмек сұрайтын» атасының портретіне қарады. Сөйтсе диван-кроватының тұсында ілулі тұрған атасының суреті жоқ. Көзін уқалап-уқалап, кірпігін қағып-қағып жіберіп қайта қарады. Жоқ! Сүйікті атасының, соғысқа қатысып Сталинградты, Москваны жаудан қорғаған, танкист болған ержүрек атасының суретінің орны бос тұр. Ы-ы-ы! Енді есіне түсті. Әнеу күні әжесі:

– Ана шалдың суретін жалпитпай ол жерден алу керек! – деген.

– Неге? Тимеңіз оған. Мен ылғи атама қарап жатам, – деген бұл шырылдап.

– Жоқ! Алу керек! Зілмандай бәле басыңа түсіп кетсе, тіл тартпай кетесің.

Иә, әжесі алған бетінен қайтпайды. Ойлаған нәрсесін орындамай тынбайды. Суретті қайда қойды екен енді?

Ол орнынан қалай ұшып түрегелгенін білмей қалды.

– Әже! Әже!

– Ау, құлыным, тұрдың ба, келе ғой, өзім де барайын деп отыр едім. Сен жақсы көретін шибауырсақ пісіріп қойдым.

Жұмыртқаға илеп, қаудырлатып пісірген тегеш толы шибауырсақты көргенде Айдостың екпіні басылып, қалт тұрып қалды.

«Ай, әжем-ай, әжем-ай! Мен үшін не істемейсіз?! Жарты ғасырдан астам уақыт отасқан шалыңыздың суретін де алып тастадыңыз. Міне, енді онсыз да қайнап тұрған ыстық үйде отқа түсіп нан пісіріпсіз. Асыл әжем менің!»

Сәлден кейін әжесі мен баласы аузыңа салсаң еріп кететін ақсары шибауырсақпен шүйіркелесіп шай ішіп отырды. Қарсы қабырғадағы портреттен жүзінен мейірім шуағы төгілген атасы бұларға «ризашылық сезіммен қарай қалыпты».

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 09 ақпандағы № 485 қаулысы

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 6), 7) тармақшаларына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 қарашадағы №635 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

3. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Ш.Тілешевке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г.Әбдіқалықова

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «09 » ақпандағы
№485 қаулысына қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 қарашадағы №635 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңдық құзыретін және Байқоңыр қаласының аумағында тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарын сақтауға байланысты қазақстандық-ресейлік уағдаластықтарында айқындалған мәселелер бойынша «Байқоңыр» кешенінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ету салаларындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының ведомстволары жоқ.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 468320, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Абай даңғылы, 16.

10. Осы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасына кәсіпкерлік субъектілерімен Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасына заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі қағидаларын «Байқоңыр» кешенінде орналасқан қазақстандық мемлекеттік билік органдарының іске асыруы жөніндегі жұмысты жүргізу;

2) «Байқоңыр» кешенінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ өңірдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдай туралы аналитикалық материалдар әзірлеу.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

2) Міндеттері:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасына жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

15. Функциялары:

1) «Байқоңыр» кешенінің үйлестіру кеңесімен, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының мемлекеттік органдарымен, мемлекеттік мекемелерімен, ұйымдарымен және лауазымды адамдарымен, сондай-ақ Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысымен, өз қызметін «Байқоңыр» кешенінде жүзеге асыратын басқа да мемлекеттердің органдарымен және ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін жүзеге асыру үшін «Байқоңыр» кешенінде тұратын әрі жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерінде «Байқоңыр» кешені инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасында өзара түсіністікті нығайту, ынтымақтастықты дамыту, «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы халықаралық шарттық-құқықтық базаның мониторингін жүргізу бойынша қажетті материалдардың әзірленуін қамтамасыз ету;

3) азаматтар мен ұйымдардың Конституцияның, Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің, халықаралық шарттардың және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

4) олардың қызметіне жалпы үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында «Байқоңыр» кешенінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен мекемелерімен өзара іс-қимыл жасау;

5) «Байқоңыр» кешеніндегі қазақстандық мемлекеттік органдардың, мекемелердің және мемлекеттік қатысу үлесі бар ұйымдардың «Байқоңыр» кешенінде Қазақстан Республикасы заңдық құзыретінің және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің мониторингін қамтамасыз ету;

6) қоғамдық пікірді зерделеу, өңірдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалдың дамуына болжам жасау;

7) «Байқоңыр» кешені аумағында тұратын азаматтардың өтініштерін қарау;

8) мемлекеттік органдардың Байқоңыр қаласы әкімшілігімен, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі материалдарды, ұсыныстарды және өзге де құжаттарды әзірлеу;

10) мемлекеттік бағдарламалар мен Байқоңыр қаласын, Төретам және Ақай елді мекендерін әлеуметтік-экономикалық дамыту жобаларының іске асырылуын жалпы үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

11) орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдардың «Байқоңыр» кешенінде Қазақстан Республикасы заңдық құзыретінің және Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталу мәселелерін қозғайтын шешімдерінің жобаларын келісуді қамтамасыз ету;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету бойынша жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тарау. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасын басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары (орынбасарлары) болады.

19. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде Қызылорда облысы әкіміне, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі және жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасын білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) «Байқоңыр» кешеніне қатысты стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жататын Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) өз құзыреті шеңберінде шарттар жасасады;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының атынан сенімхаттар береді;

10) өз өкілеттіктерін ұйымдастыру және ішкі тәртіп мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) сотта Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының мүддесін білдіреді, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының атынан талапкер, жауапкер ретінде әрекет етеді;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

13) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

14) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі, Қызылорда облысы әкімі және облыс әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

15) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

16) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

17) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

18) азаматтарды жеке қабылдау кестесін Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілімен бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

21. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

22. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

«Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі болып «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі табылады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

24. Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының «Ғарышинфрақұрылым» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке мәселелері бойынша онлайн-қабылдаудың (жеке қабылдау) 2022 жылға арналған кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Қордабай Нұрғали Рахымшаұлы	Басқарма басшысы	Апта сайын сәрсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін
Құдайбергенов Ринат Мәжитұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын бейсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін
Жақыпбаева Әлия Нәдірәлқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын сейсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін
Аббасова Фарида Әубәкірқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Апта сайын жұма күні	11.00-ден 13.00-ге дейін

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Бейбарыс Сұлтан көшесі №1.

Анықтама телефоны және сенім телефоны: 40-11-91 (5380, 5375).

Кәсіпкерлер назарына!

Биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап туризм саласын ілгерілету мақсатында жаңа мемлекеттік қолдау шаралары қолданысқа енгізілді.

Атап айтқанда:

1) Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды (СГТ) күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау (83 300 KZT);

2) Кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін (ЖБСО) салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу (10%);

3) Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу (25%);

4) Туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу (10%);

Жоғарыда аталған мемлекеттік қолдаулар бойынша толығырақ ақпаратты облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының «GOV.KZ» бірыңғай порталындағы құжаттар бөлімінен алуға мүмкіндік бар.

Сондай-ақ, Басқарманың «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында танысуға болады.

ЖОБА

2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін және 2022 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын, субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2022 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары, субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д.Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г.Әбдіқалықова

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «___» __________ № _______ қаулысына 1-қосымша

2022 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
	Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы:				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1.	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/ шағылыстыру маусымы	10 000	34 406	344 060
1.2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	44 926	673 890
2.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	155	23 250
3.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
3.1.	Отандық	сатып алынған бас	150 000	169	25 350
3.2.	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	100	22 500
4.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе союу қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	186,73	37 346
	барлығы				1 126 396
	Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы:				
5.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу:				
5.1.	Бір жынысты	сатып алынған доза	10 000	2 000	20 000
6.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
6.1.	Отандық	сатып алынған бас	200 000	70	14 000
6.2.	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	55	12 375
	барлығы				46 375
7.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
7.1.	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	45	6 386	287 370
8.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік орталықтарды субсидиялау	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	2 744	13 720
	барлығы				301 090
	Жұмыртқалы құс шаруашылығы:				
9.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	24 000	1 440
	Қой шаруашылығы:				
10.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
10.1.	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/ шағылыстыру маусымы	4 000	47 267	189 068
10.2.	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	20 000	50 000
11.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	-	-
12.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе союу қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	5 000	15 000
	барлығы				254 068
	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:				
13.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	950	4 750
14.	Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:				
14.1.	Жыл бойы байлауда тұратын сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы (600 бастан басталатын)	бас	480 000	1 250	600 000
15.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	45,05	2 703
16.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	55	3 025
	барлығы				610 478
	2021 жылғы күту парағына түскен өтінімдер:				
17.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
17.1.	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/ шағылыстыру маусымы	10 000	5 594	55 940
17.2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	1 074	16 110
18.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	745	111 750
19.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
19.1.	Отандық	сатып алынған бас	150 000	544	81 600
19.2.	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	100	22 500
20.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе союу қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	387,63	77 526
21.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік орталықтарды субсидиялау	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000	256	1 280
	барлығы				366 706
	Қой шаруашылығы:				
22.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
22.1.	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/ шағылыстыру маусымы	4 000	14 720	58 880
23.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	30 803	462 045
24.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	ұрықтандырылған бас/ шағылыстыру маусымы	1 500	420	630
	барлығы				521 555
25.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	50	250
26.	Ауыл шаруашылығы малдарының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:				
26.1.	Етті және етті-сүтті бағыттағы тауарлық ірі қара малдың аналық басы	бас	15 000	1 696,3	25 444
26.2.	Қойдың аналық басы		2 500	1 842	4 605
26.3.	Жылқының аналық басы		10 000	2 143,1	2 1431
26.4.	Түйелердің аналық басы		10 000	159,5	1 595
	барлығы				53 325
	Жиыны				3 281 433

Ескертпе:

Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қошқарларды тауарлық табынға/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтінім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарды қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2022 жылғы «___» __________ № _______ қаулысына 2-қосымша

2022 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары, субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Өлшем шарттар	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесінде субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
1.	Ауыл шаруашылығы малдарының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату:			Өтінімді берген сәтте аналық мал басы деректерінің селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ақпараттық қорында тіркелуі және сәйкес болуы	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ақпараттық қорымен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылдың 1 наурызынан 20 желтоқсанға дейін (қоса алғанда)
1.1.	Жыл бойы байлауда тұратын сүтті және сүтті-етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы (600 бастан)	бас	480 000	Өтінімді берген сәтте (13 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) меншікті аналық басының 600 бастан кем емес болуы		
1.2.	Етті және етті-сүтті бағыттағы тауарлық ірі қара малдың аналық басы	бас	15 000	өтінімді берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) меншікті аналық басының 30 бастан кем емес болуы		
1.3.	Қойдың аналық басы	бас	2 500	өтінімді берген сәтте меншікті қойдың/ешкінің аналық басының (12 айдан асқан) 200 бастан кем емес болуы		
1.4.	Жылқылардың аналық басы	бас	10 000	өтінімді берген сәтте меншікті аналық басының (36 айдан асқан) 30 бастан кем емес болуы		
1.5.	Түйелердің аналық басы	бас	10 000	өтінімді берген сәтте меншікті аналық басының (36 айдан асқан) 30 бастан кем емес болуы		

2022: ЕСЕТ БАТЫРДЫҢ ТУҒАНЫНА 355 ЖЫЛ

Тарихта ел жүрегіне көшкен елеулі есімдер аз емес. Әйтсе де олардың кейбірінің туған жылы белгілі болғанымен, айы және күні туралы дерек жоқ. «Сыр бойы» газеті осы айдар аясында белгілі тұлғалардың туғанына айтулы жыл толуына орай шағын деректерді ұсынып отыратын болады.

Ту ұстап, тарлан мінген

Қазақ елі тарихында Есет есімді үш атақты адам болған. Соның бірі – Есет батыр Көкіұлы. Елінің азаттығын аңсап өткен батыр дүниеге 1667 жылы келген. Қазақтың бас батырлары Бөгенбай, Қабанбайлармен қатар жүріп, қасқайып жауға қарсы шапқан бахадүр.

Ол Бөгенбай батырмен бірге 1710-1711 жылдары жоңғарлардың жойқын шапқыншылығы кезінде халық ортасынан шығып, ел намысы мен бостандығын қорғап, асқан ерлік көрсетеді. Оның осы жанкешті қаһармандығына риза болған Тәуке хан: «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын!» деп бата беріпті.

Есет батыр 1717-1718 жылдары Әбілқайыр және Қайып хандардың қолбасшылығымен жоңғарларға қарсы Аякөз, Түркістан маңындағы Бөген, Шаян, Арыс атыраптарындағы қанды шайқастарда әскербасылық қабілетін көрсете білген. Қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталып кеткен күйзеліс кезеңінен кейін ес жинаған халықты біріктіріп, жауға тойтарыс беру үшін Тайлақ, Есет, Бөгенбай, Жәнібек, Қабанбай, Райымбек, Саурық, Баян батырлар қол жинап, ақтық демдері біткенше жаумен айқасуға бел буады.

Сөйтіп, 1726 жылы Бұланты өзені жағасында ойрат әскеріне бірнеше рет ойсырата соққы береді. Шайқас болған жер халық есінде «Қалмақ қырылған» атымен қалды. Осы шайқаста Есеттің бірнеше жерден басы жарылып, жараланады. Жұрт оның басының мылжа-мылжасы шыққан шығар деп ойлайды. Шайқас аяқталып басын таңып жатқан батырды көргенде «Есеттің басы қатты ма, Алланың тасы қатты ма?» деген сөз ел арасында қанатты сөз ретінде тарап кеткен.

Осы оқиғадан екі жыл кейін Аңырақай маңында Әбілқайыр хан бастаған қазақ жасақтары жоңғарлардың қалың қолын талқандайды. Бұл шайқаста Есет батыр Кіші жүз құрамының туын көтерген атойшы болған. Жауға қарсы шайқастарда ол айрықша дараланып, дұшпанға үрей туғызып, атой салып, лап қойғанда, жау шебінің біресе оңына, біресе солына құйғыта шауып ауыса отырады екен. Жау «Есет келді дегенше, Әзірейіл келді десейші» деп үрейлене қашқан.

Тарихи деректерге қарағанда Есет батыр Кіші жүздің Жетіру тайпасын билеген. Ол әрі ақылды би, әрі мырза адам болыпты. Жасы жиырмаға жетпей-ақ жауға аттанып, жоңғар қалмақтарымен соғыстарда ерлігімен көзге түсіп, жасынан батыр атанған. Табын Шоңбай Жұбанұлының өлеңмен жазылған шежіресінде мынадай дерек бар:

Тамадан ерте шыққан
Есет батыр,
Кісі екен қысылмаған
мыңға татыр.
Қалмақ пен Ойраттарды
жер аударып,
Салыпты бастарына
заман ақыр.

Бұл оның халық қамын ойлаған құрметтісі, елі сыйлаған ерлердің бірі болғандығын айғақтайды. Батырдың тұлғасы замандастары арасында ерекше дараланады. Биыл – ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, елі, жері үшін қаһармандықпен күрескен, жеңіске жетуде өлшеусіз өз үлесін қосқан қазақ батыры Есет Көкіұлының туғанына 355 жыл. Оның теңдесі жоқ ерлігін бағалап, құрметтеу бүгінгі ұрпақ үлесінде.

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МКҰ
МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ
ЭВЕРЕСТ Финанс
керемет
% МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР
3 000 000 ТГ ДЕЙІН
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе
8(7242) 92 52 25, 8 708 363 59 45
Толық ақпаратты сайттан көруге болады everestfinans.kz
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Классика ескірмейді

Классика қай кезде де көрермен сұранысына ие. Сондықтан да болар жуырда облыстық филармонияның концерт залында өткен музыка кешіне жұртшылық көп жиналды. Онда камералық оркестр Бах, Моцарт және Чайковскийдің туындыларынан классикалық музыка кешін ұйымдастырды.

Концерттік бағдарламада «№40-симфония», «Ре минор оркестрімен екі скрипкаға арналған концерт» және «Щелкунчик» балетінен шығармалар орындалды. Айта кетейік, оркестрдің дирижёрі, «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев болса, Мәдениет саласының үздігі Анар Жаңбырбаева көркемдік жетекшілік жасады.

Кеш соңында ерекше көңілкүй сыйлаған өнер ұжымына көрермен қауымның қошеметі зор болды. Алдағы уақытта мұндай концерттік бағдарламалар тағы да ұйымдастырылады.

Қаракөз ШАЙЗАДА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті

Балаларға базарлық

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «OrdaGen» компаниясы шығарған «Берке аю және қасіп», «Мың бояулы ORDA», «ORDA ертегілері толық жинағы» танымдық кітапшаларының тұсаукесері өтті.

«Балалар жылы» аясында ұйымдастырылған шараның мақсаты – жас жеткіншектерге халық ауыз әдебиетінің бай нұсқасы ертегілерді насихаттап, оның өзгешеліктерін көрсете білу, көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Тұсаукесерге облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшының орынбасары Ж.Құрамысова, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Қ.Есімсейітова, балалар ақыны Р.Наурызбаева, М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің балалар әдебиеті пәнінің оқытушысы З.Орманова және «OrdaGen» жобасының директоры Т.Парасат қатысты.

Жоба авторы кітапшаларды таныстырғаннан кейін кітапхана оқырмандары жаңа туындылар желісі бойынша қойылым қойды. Жобаның бастамашыларына және кітапхананың кішкентай оқырмандарына ізгі тілектерін жолдап, алғыс білдірді.

Бүлдіршіндерге ертегі кітаптары таратылып, шара әсем әнмен қорытындыланды.

Аружан ЕРАЛЫ

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС
ұрпақ тәрбиесінен басталады

Бір танысым елге танымал сыйлы отбасының ер жеткен ұлы үйіне қалыңдығын емес өзі секілді бозбаланы таныстыруға әкелгенін көрген әкесінің жүрек талмасына ұшырағанын айтқан еді. Бұл бір отбасына төнген қауіп емес, бүкіл ұлттың бетіне таңба салатын сорақылық деуге болады. Мұндайда «құрсын, беті аулақ» деп өзімізге шық жуытқымыз келмейді. Қазіргі заманның ағысын желеу етіп, өзге демократиялық мемлекеттердің етене кірген салт-дәстүрін еш жатырқамай жылдам қағып алатын жастардың тәрбиесін қолдан шығарып алғандаймыз. Оған дәлел іздеудің өзі артық. Айналаңыздағы адамдардан, күнделікті қоғамдық көлікте, көпшілік орындарда, тіпті дүкенге кіргенде байқап, көруіңізге әбден болады. Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған деп жүрген қаламыздың өзінде «доча, сынок» деп баласына орысша шүлдірлеген аналар көп-ақ. Ұлттық салт-дәстүрімізден, наным-сенімнен бейхабар жеткіншектердің өсіп келетініне, қырық жылға жуық ұстаздық қызметте жүрген Абылай хан атындағы № 140 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгісінің, ҚР Білім беру саласының озаты медальдарының иегері Тамаша Әбілқасымова қынжылыс білдірді.

– Бала тәрбиесі бесіктен баталады. Өзім де көпбалалы ана, ардақты әже, көп жыл білім саласында қызмет ететін ұстазбын. «Баланы тәрбиелеме – өзіңді тәрбиеле» деген тәмсіл бар. Демек бала үйде не көрсе ертең соны жасайды. Ол отбасында үлкенді сыйлау, үлкенге қарсы сөз айтпау, кішіге қамқор болу сияқты ұстанымдар болса, сондай қасиеттерді бойына сіңіріп өскен ұл мен қыз ибалы, ар-ұятты болады. Қарапайым мысал айтайын, қоғамдық көлікке мінгенде үлкен кісіні көріп тұрса да, жастар телефонына үңіліп отыра береді. Бұл да оның үйінде қандай тәрбие алып жатқанын білдіреді. Әр ата-ана күнделікті баласынан мектепте, сыртта болсын не істеп жүргенінен хабардар болуы керек. Дастарханның басында отырып, баласына бата беру арқылы да үлкендер жағы өз ұрпағын тәрбиелей алады. Отағасының өзі жұмыстан келе сала теледидардағы жаңалыққа үңіліп, баласының өміріндегі болып жатқан өзгерістерге мән бермейтін отбасылар жоқ емес. Тіпті кешкі асты әрқайсысы бөлек-бөлек бөлмеде ішетіндер бар. Ата-анасының ықыласына, оның махаббатына бөленбей өскен бала ертең агрессивті мінез құлықты адам болып қалыптасады. Ондай жеткіншектің өмірінде кедергілер көп кездеседі. Балабақшадан кейін балалар біздің қолымызда, яғни бастауыш сыныпта тәрбиеленеді. Әр ұстаз тек тәрбие сағаттарында емес, күнделікті сабақ барысында ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналған шараны қолданып отырса, оның да пайдасы зор. Мәселен, қазіргі бала белі бесіктен шықпай жатып телефонға тәуелді. Оның орнына әдеби кітаптарды, ертегі-әңгімелерді, жыр-дастандарды оқыса, кішкентайынан құлағына сіңірсе, еліне, ұлтына деген сүйіспеншілігі оянады. Мен қазір 2 сыныптың жетекшісімін. Оқушыларды қызықтыру мақсатында кітапханаға жиі-жиі апаруды дәстүрге айналдырдық. Кітаптардың да дизайны сол баланың көңілінен шығатындай етіп жасалған. Тіпті аудио нұсқалары бар. Өзім де немерелеріме ертегі оқып, ең соңында кейіпкерлердің мақсат-мұратына жетіп бақытты өмір сүріпті деп аяқтағанда олардың көздері жайнап, мәз-мәйрам болып қалады. Демек, үйде де әжесі не атасы, болмаса ата-анасы қызықты ертегілер айтып, қисса-дастандарды оқып отырса жас шыбықтай өсіп келетін жеткіншектің бойында өзіне деген сенімділік оянады. Жақсылыққа, мейірімділікке баулимыз. Зердесі ашылып, білімге құштарлығы оянар еді. Өкінішке қарай, мұндай отбасылар аз, – дейді ұстаз.

«Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деп кемеңгер Әбу Насыр әл Фараби айтып кеткендей, ең алдымен ұлтты түзеу құрсақтан бастау алатынын да халқымыз терең ұғынған. Себебі сүтпен сіңген мінездің сүйекпен кететінін білген.

Медицина және педагогика ғылымының докторы, профессор Советхан Ғаббасов «Педагогика және психология негіздері» атты кітабында адамның 12 мүшесі болса, жанның да 12 арнасы барын айтады. Ол әл Фарабиден бастау алған ілімді Абайдың педагогикалық еңбектерімен салыстырып, егжей-тегжейлі сипаттаған. Бала тәрбиесінің жаңа ғылыми негіздерін жасап, екі сатыдан тұратын методологиясын қоса ұсынады. Бірінші саты – құрсақта жатқан баланы жан иесі деп, сол кезеңде анасы арқылы берілетін жүрек тәрбиесіне баса назар аудару қажеттігін айтады. Ал екінші сатысын қоғамдық тұлғаға айналу үшін сананың жетілуі деп қарастырады. «Жүрек тәрбиесі – тек біздің ұлттық педагогикада ғана болған, келер ұрпақтың бақыты мен саулығы тікелей алдыңғы буынның тазалығымен ана құрсағындағы тәрбиені түсінуіне байланысты» деп жазады бұл еңбегінде автор.

Жанның санаға бағынбайтын 12 арнасы бар екенін, олар: түйсік, ұят, сүю, мінез, табиғи қабілет, зерде, жігер, ішкі бес сезім деп жік-жікке бөледі. Бүгінде бұл арналар толығымен жабылу алдында тұрғанына алаңдаған ғалым, оны ашу үшін не істеу керектігін де айтады. «Жанның 12 арнасын ашу үшін «ақыл тәрбиесін» қолға алу керек. «Ақыл тәрбиесі» дегеніміз – сананы жетілдіру. Ал сананы жетілдіруде халықтық педагогиканың жеті түрлі негізі бар. Баланың ана құрсағына түскеннен бастап жүрек тәрбиесін алуы, өмірге келгеннен бастап, жас ерекшелігіне байланысты ұлттық тәрбиені бойына сіңіру керек» деп көрсетеді.

«Дүниеге келгеннен кейін біз тәнге ғана көңіл бөліп, жанды ұмыт қалдырады екенбіз. Сондықтан жан-дүниесін байытпаған, рухани қорек алмаған адам өмірде қателіктерге көп кезігеді» деп те психологтар дабыл қағуда.

– Қазақ қызды тәрбиелей отырып, тұтас бір ұлтты тәрбиелеуге болатынын бір ауыз сөзге сыйдырып кеткен. Өйткені ол – болашақ ұрпақ әкелетін, отбасы тұтқасын ұстайтын, бесік тербететін ана. Біз 70 жыл бойы Кеңес заманында, орыстардың ықпалында болдық. Ұлттық педагогикамыздың кенжелеп қалуы да сонда. Сондықтан өткеннен сабақ алып, халықтық педагогиканы жан-жақты зерделеп, сол бойынша жазылған оқулықтар арқылы жеткіншектерді тәрбиелеу керек. Ұлдың да, қыз баланың да тәрбиесінде ананың жауапкершілігі үлкен. Кішкентайынан анасын, қарындасын, апасын сыйлауды үйретсек, ертең одан әйел затына қол жұмсайтын еркек шықпаған болар еді. Үйдің берекесі – әйел. «Әйелің жақсы болса үйіңде күнде ырыс, әйелің жаман болса үйіңде күнде ұрыс» деген. Салиқалы әйел ұлағатты ұлтты қалыптастырады,– дейді «Дана» оқыту орталығының негізін қалаушы, психолог Гүлдана Бабаомарова.

Ұлттық кодтың тағы бір тармағы – салт-дәстүріміз. Дәстүрдің озығы мен тозығы бар демекші, қазір заманауи үрдістер көбейген. Оның біздің болмысымызға қаншалықты жарасымды екенін ескерместен қабылдап жатырмыз. Тіпті ұлттық менталитетке жат ғұрыпты жатсынбай ұрпағымыздың бойына қалай тез сіңіргенін де сезбей қалғандаймыз. Қарапайым ғана мысал, тілі шыққан баладан, еңкейген қарттарға дейін торттың бетіне балауыз шамын қойып, оны үрлеу үрдісі кең етек алғаны соншалық, бүгінде ол қалыпты жағдайға айналды. Ал «отты үрлеме, оны сөндірме» деген қазақ тыйымының артында «ошағың сөнбесін, қазаның қайнап тұрсын» деген жақсы ырым жатқанын ұмытып кеттік. Сондай-ақ жастар арасында сән саналатын «гендер пати» бұрынғы құрсақ шашу тойы екенін, оны үлкендер жағы ұйымдастыру керектігін де есімізден шығардық. Өзгенің «қаңсығын» таңсық көретін ермелігіміз есті алып барады.

Жалпы, ұрпақ тәрбиесі тереңнен бойлауды, теңіз түбінде маржан тергенмен пара-пар еселі еңбекті қажет етеді. Бұл аз сөздің ауанымен айналып шыға салатын тақырып емес. Биылғы «Балалар жылы» кеткен кемдікті орнына келтіруге жаңа дәуірдің іргесін мықтап қалауға дәнекер болады деп білеміз.

1-бет

Бақұл бол, ардақты азамат

Саналы ғұмырын медицина саласына арнаған ардагер ағамыз, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жанғабылов Абай Кенжебайұлы 83 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Абай Кенжебайұлы Қызылорда облысы, Сырдария ауданында 1939 жылдың 14 мамырында дүниеге келген. 1963 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина институтын бітірген. 1963-1966 жылдары Сырдария ауданының Аманкелді кеңшарында аурухана бөлімінің меңгерушісі, бас дәрігері болып еңбек жолын бастаған. 1969 жылы Киев қаласындағы Н.Д.Стражеско атындағы ғылыми-зерттеу клиника институтының аспирантурасын оқып, кандидаттық диссертациясын қорғаған. 1969-1974 жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтында ассистент, доцент, 1975-1990 жылдары КСРО ҒА Тағамтану ғылыми-зерттеу институтының Қазақ бөлімшесінде бөлім басшысы, 1990 жылдан С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Ішкі аурулар» кафедрасының меңгерушісі болып қызметтер атқарған.

Абай Жанғабыловтың ғылыми еңбектері қан аурулары патологиясына және гастроэнтерология саласына арналған. Профессор 3 доктор және 15 медицина ғылымдарының кандидаттарын дайындаған. 200-дан астам ғылыми жұмыстың, 3 монография, 4 орысша-қазақша медициналық сөздіктің және 3 медициналық нұсқаулықтың авторы. Қымыз бен шұбаттың емдік қасиеттері және практикалық гастроэнтерология жөнінде оқулықтар жазған. АҚШ, Германия, Италия, Ресей ғалымдарымен тығыз байланыста болып, жыл сайын түрлі халықаралық гастроэнтерологиялық симпозиум, конгресс, конференцияларға қатысып, Алматыда тұрақты түрде халықаралық конгрестер өткізген.

Артында өшпес із қалдырған Абай Кенжебайұлының жарқын бейнесі жүрегімізде ұзақ уақыт сақталады.

Қызылорда облыстық
денсаулық сақтау басқармасы,
көпбейінді облыстық
ауруханасы ұжымы

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылдың 10 наурызында сағат 15.00-де Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы «С.Сейфуллин Жер» ЖШС-ның кеңсе ғимаратында серіктестік қатысушылары құрамынан өз арыздарына сәйкес жер үлестерін бөліп шығару мәселесі бойынша кезектен тыс жалпы жиналыс өткізілетінін хабарлайды. Кезектен тыс жалпы жиналыс еліміздегі карантиндік шараларға байланысты сырттай дауыс беру тәртібімен бюллетень арқылы өткізіледі.

«С.Сейфуллин Жер» ЖШС атқарушы орган.
(БСН: 041240001292)

Жарамсыз деп есептелсін

Сәрсеналиев Исламбек Ғалымжанұлының атына Қызылорда қалалық Полиция басқармасынан берілген КЗ №16462 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Медиатор Нурсейтов Ербулат Бектургановичтің (ЖСН 620423301384) атына берілген мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26333 | Тапсырыс №206 | Кезекші редактор **Биболат СӘТЖАН**